

Әлихан СМАЙЫЛОВ, ҚР Премьер-Министрі:

«ПОРТТАРДЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУ МАҢЫЗДЫ»



ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов жұмыс сапарымен Маңғыстау облысына барып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуымен және бірқатар өнеркәсіптік, инфрақұрылымдық және туристік нысандардың жұмысымен танысты.

Алдымен Әлихан Смайылов көрнекті саяси және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев атындағы мәдени орталыққа барды. Онда жазушының ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, жаңа мәдени орталықтың жұмысымен танысты. Айта кетейік, Әбіш Кекілбаевтың ескерткіші мен облыстық музейінің жаңа ғимараты 2019 жылы қазан айында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен ашылған. Бірнеше жыл бойы музей қызметкерлері жазушының өмірі мен қызметі туралы материалдар, фотосуреттер мен құжаттар жинады, олар қазір әртүрлі тақырыптық экспозицияларда ұсынылған.

(Соңы 3-бетте)

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНҒА ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ КЕРЕК

Референдум бойынша жеке пікірім. Айтарым көп, бірақ екі маңызды мәселе жайында айтпақпын. Ата заңды өзгерту билік үшін емес, ең алдымен халық үшін керек. Сондықтан халық алдында нақты, түсінікті сұрақтар қойылуға тиіс, өйткені, әр азаматтың түсінігі, білімі, ойы, пайымы, интеллектуалы сан түрлі.

Бұқаралық ақпарат құралдарына басылған Конституцияға 33 өзгеріс енгізу туралы жобаны оқып, түсініп жатқан адамдар пайызға шаққанда саусақпен санарлық деп ойлаймын. Өйткені, Конституцияның «мына бабы толықтырылсын, мына бабы мынандай деп өзгертілсін, басқа бабы алынып тасталсын» деген сөздер қарапайым халық тұрмақ, заңгерлердің өзінің түсінуіне қиындық тудырады. Ол үшін Ата Заңның өзін алып, негізгі мәтіндермен болатын өзгерістерді салыстыра отырып қарау керек.

Шындығын айтқанда, бас құжаттағы баптарды халықтың бәрі қолына қалам алып, жіті тексеріп, салыстырып шығатынына сену қиын. Бір дауыс

беруші азамат бір, не бірнеше өзгеріспен келісуі мүмкін, ал керісінше ол басқа өзгерістермен келіспеуі де мүмкін. Сонда қалай дауыс береді? Сол жағы түсініксіз.

Меніңше, Жаңа Қазақстанға мүлдем Жаңа Конституция қажет. Қоғамда біріншіден, бәрінің айтары, сот тәуелсіз болуы керек, ол тек Конституцияға, заңдарға бағыну керек. Сол үшін Конституциялық сотты қайта құруды толық қолдаймын. Алайда, Конституциялық сот құрамындағы төрт судьяны Президент ұсынатыны және оның төрағасын Сенаттың келісімімен Президент тағайындайтыны, сонымен қатар Конституциялық сот төрағасының орынбасарын сол төрағаның ұсынысымен тағайындау керек.

Президенттің тағайындауы – бұл сотты тәуелсіз ете алмайды, қайта билікке тәуелді етеді. Қалған үш судьяны Мәжіліс пен Сенат сайлайды. Оның қалай өтетіндігі, процедурасы бұрыннан белгілі. Сенат шындығын айтқанда, тікелей Президентке бағынышты орган.

Тәуелділік болған жерде қайдағы әділеттілікті айтуға болады? Сондықтан әділетті қоғам орнатқымыз келсе, Сот әділетті, шынайы тәуелсіз болуы керек.

Бұл өзгерістерде, ең басты сұрақ – Мемлекеттік тіл туралы мәселе көтерілмеген. Соны осы өзгерістермен бірге көтерген дұрыс еді деп ойлаймын. Ол неге басты мәселе? Себебін айтайын. Бұл жайында ғұламалар мен ойшылдар не дейді соны тыңдайық.

Г.Гете: «Ұлт тілінде сөйлемеген адам жаңалық ашып, жақсылық әкелмейді». Жүсіпбек Аймауытов: «Орыс тәрбиесін алған бала ешуақытта ұлт қызметкері бола алмайды».

(Соңы 2-бетте)



«ЕКІ АЯҚТЫ ҚАСҚЫРЛАР» ЕРКІНСІМЕСІН ДЕСЕК

5-бет



ТАРАПТАРДЫ ТАТУЛАСТЫРУ НЕКЕНІ САҚТАЙДЫ

6-бет



«АДАМДЫҚТЫҢ ЕГІНІН ШАШТЫМ»

8-бет

ЖҮГІҢЕ ИЕ БОЛ, ЖОЛАУШЫ!

Биылғы жылдың қаңтар айында Қазталов аудандық сотына Қазталов ауылының тұрғыны А.Мендібаевдан талап-қою түсті. Ол жолаушы ретінде «Жиенбай» ЖШС-нің меншігіндегі Орал-Қазталов бағытында жүретін автобустың мінген. Содан жол жүріп бара жатқанда жоғарғы сөреден басына 5 келі құтыдағы тосап (варенье) құлап, денсаулығына зақым келген. Нәтижесінде қараша айының 22-нен 29-на дейін аудандық аурухананың стационарында «жабық ми жаракаты», «бас ми шайқалуы жаракаты» диагнозымен емделіпті. Одан кейін дәрігер-невропатологқа ақылы қаралып, қосымша дәрілер сатып алып емделген. Сол себепті денсаулығына келтірген моральдық зиян үшін «Жиенбай» ЖШС-дан 300 000 теңге, құлаған жүктің несінен 200 000 теңге моральдық зиян өндіріп беруді сұрады.

(Соңы 5-бетте)

БАЗЫНА

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНҒА
ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

В.Даль: «Кім қай тілде сөйлейді, ол сол ұлттың өкіліне жатады». Мұхаммед Қашқари: «Ұлттық тәрбиенің ең басты негізі – тіл». М.Ганди: «Отаршылардың тәрбиесінен шыққан элита – өз халқының ең басты жауы». Мағжан Жұмабаев: «Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ».

Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлт тілінің кеми бастауы ұлттың кеми бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмауы тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың

сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады.

Бұл айтылған нақты ойлардан туындайтын мемлекет үшін басты қорытынды – ол тіл, тіл және тіл. «Халық өз тілінен айырылған кезде әрекетінен де айырылады» деген тәмсіл бар.

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Өз тілімізді сақтау, өз тілімізді құрметтеу отаншылдық рухты оятуға қызмет етеді, әрі ата-баба алдындағы ұлы парызымыз да. Өз тілін сүйген адам ғана Отанын шын сүйе алады. Балаларыңды қазақша оқытпасаңдар, қазақша сөйлемесеңдер, сендерді кім сыйлайды» деген Елбасының

тағылымды сөздері қайда қалмақ? Соны ұмытпайық, қадірлі отандастар, құрметті депутаттар!

Осы айтқандарды қорыта келгенде, менің түйгенім: мемлекеттік қызметкер бола тұра мемлекеттік тіл – қазақ тілін білмеу, ол тілде сөйлемеу – қазақ мемлекетінің қадір-қасиетін түсінбеу, елді сыйламау әрі қорлау деп білемін. Қазақ тілі жойылса – қазақ ұлты да жойылатынын ұмытпайық деген жайнайқайым.

Советхан СӨКЕНҰЛЫ,
Алматы қалалық сотының судьясы

ОҢ ҚАДАМ

«QAMQOR» - КӘСІПКЕРЛЕР ҚОРҒАНЫ

Бас прокуратура елдің дамуына кедергі келтіретін, мемлекеттің өркендеуіне залалын тигізетін кемшіліктерді жою бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіп келеді. Биыл құрылғанына 25 жыл толып отырған Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің де қоғамды ілгерілетуге қосқан үлесі қомақты. Соның ішінде әлеуметтің жағдайы тұрақталып, отандық өнімнің үлесі артуы үшін шағын және орта кәсіптің нығаюына жағдай жасау қашанда өзекті. Ал кәсіпкерлікті жандандыру тек қаржылық қолдауға байланысты емес. Отандық өндірушілердің ісі өнімді болуы үшін олардың жұмысына кедергі келтіретін тетіктерді жойып, заңсыздықтың алдын алу шарт. Кәсіпкерлікті дамытуда мемлекеттік бақылау мен қадағалау органдары өткізетін тексерістердің заңды не заңсыздығын анықтау бойынша жан-жақты іс-шараларды қолға алудың маңызы айрықша. Сондықтан прокуратурада кәсіпкерлер құқын қорғауға басымдық берілген. Осы жылдар ішінде атқарылған жұмыстың ең елеулісі – «Qamqor» қосымшасы деуге болады. Жеке кәсібін дөңгелетіп отырған іскер азаматтардың құқығын қорғаудың бір жолы – «Қамқор» мобильдік қосымшасы. Заман талабына сай бұл қосымшаның бүгінде мобильдік нұсқасы да жетілдіріліп жатыр.

Қазақстанда бақылау мен қадағалау қызметтерін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар баршылық. Бүгінде осы тексеру жүргізетін құзырлы органдар санын азайтып қоймай, сонымен бірге осы тексерулердің заңды болуы, ортақ тәртіпке сай жүргізілуі басты назарда. «Qamqor» қосымшасының артықшылығын кәсіпкерлер оң бағалап отыр.

Қосымшаның маңызы, тигізер пайдасы күннен күнге артып келеді. «Qamqor» мобильдік қосымшасының пайда болуына не түрткі болды? Біріншіден, мұндай қосымша мемлекеттік органдар жұмысының ашықтығын, мөлдірлігін қамтамасыз ету үшін керек болды. Екіншіден, бұл бизнестің дамуына қолдау көрсетіп, құзырлы органдардың кәсіпкерлер жұмысына кедергі келтіруіне жол бермеу мақсатында жүзеге асырылды.

«Qamqor» қолданысқа енгізілген кезде кәсіпкерлер онлайн қосымшаның мемлекеттік органдар бақылауынан құтқарып, бизнеске заңсыз араласудан қорғайтынына сене қойған жоқ. Алайда, әр кәсіпкер үшін қалта көмекшісіне айналған бұл қосымша өзінің тиімділігін көп уақыт өтпей-ақ көрсете бастады. Тек басында кәсіпкерлерге қосымшаның қалай жұмыс істейтінін жіті меңгеру керек болды. Прокуратура қызметкерлерінің құқықтық, ақпараттық түсіндірулерінен кейін жаңа бастаманы

пайдаланушылар да, оның игілігін мойындаушылар да көбейді.

Өз кәсібін бастаған, жеке бизнесін жүргізуге тырысқан жандарға «Qamqor» мобильдік қосымшасын таныстыру, оның негізгі артықшылықтарын түсіндіру артықтық етпейді. Бұл қосымшаны Play Market және AppStore арқылы жүктеп алған соң, тіркеу рәсімінен өту керек. Тіркелген жағдайда кәсіпкерге аталған қосымша арқылы автоматты түрде «Сізге осындай күні тексеріс жасалады» деген хабарлама түседі. Бұл жай хабарлама емес. Оны басқанда қай мекеменің тексеруге келетіні, тексеретін маманның аты-жөні, нысаны мен тексеру мерзімі туралы толық анықтама тұрады. Мұндай тетік құзырлы органдардың бизнеске заңсыз араласуына тосқауыл қойып, кәсіпкерлердің сенімділігін арттыра түседі.

Кәсіпкерлерге сондай-ақ, тексеру басталғанға дейін немесе тексеру барысында орын алған заңбұзушылықтар бойынша шағымын онлайн режимінде жіберуге мүмкіндік берілген. Бұл да мемлекет қамқорлығының, цифрландыру бойынша жүргізілген толымды істердің жемісі.

Жаңыл ЖҰМАБАЕВА,
Алматы қаласы бойынша
Құқықтық статистика және арнайы
есепке алу басқармасының
бөлім прокуроры

ӨЗГЕРІС

БАРЫМТАШЫЛАРҒА КЕШІРІМ ЖОҚ

Қазақ ежелден бері мал баққан халық. Мал баққан ауыл адамының көрген бейнесі мен тартқан азабы аз емес. Жем-шөбін дайындау, ауру-сырқауының алдын алу, күн сайын қора-қопсысын тазалап, өріске кеткенін іздеу де бір бейнес. Өйтпей қайтсін, мал – күнкөріс көзі.

Соңғы жылдары малды барымташылардан қорғау қиын тигені рас. Сорақысы, халықтың жалғыз қарасын жетектеп кетсе де, бір қора малды айдап әкетсе де, қылмыс беті ашылмай, барымташының ізі құмға сіңгендей жоқ боп кетіп жататын. Төрт түлікке телмірген халықтың базынасына назар аударған ел Президенті барымташыларға қатысты заңды қатайтуды тапсырған еді. Сөйтіп 2019 жылдан бері мал ұрлығына қарсы күрестің тиімділігін арттыру үшін заңнамалық, ұйымдастырушылық және практикалық шаралар қабылданып жатыр. Қылмыстық кодекске «Мал ұрлау» дейтін 188-1-бап енгізілді. Бұл бапта заң бұзушылық аса ауыр қылмыстардың қатарына жатқызылды.

Осы заңға сай, мал ұрлау қылмысын жасағандардың мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде, яғни 7 млн теңге көлемінде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Мал ұрлығына барғандарға сот үкімімен ең аз дегенде айыппұл салынуы мүмкін. Егер қылмыскерлер алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы болып не ірі мөлшерде, бірнеше рет ұрлық жасаған болса, 12 жылға дейінгі мерзімге бас



бостандығынан айыруға жазаланады. Енді бұрынғыдай барымташыларға бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза тағайындалмайды. Онымен қоса бұрынғыдай қылмыс жасаған адам жәбірленушімен татуласып, келтірген зиянның орнын толтыру арқылы жазадан әп-сәтте құтылып шыға алмайды.

Аудандық соттарға мал ұрлығына қатысты қаралатын істер жиі түседі. Өкінішке қарай, қылмысты жасайтындар да ауыл-аймақтың адамдары боп шығады. Ондайда екі жақ бір мәмілеге келгісі келеді. Алайда заң қатал, жаза өзгермейді. Қолмен істегенді мойынмен көтеру керек. Сөйтіп сот залында төрт түлікті барымталап, ауыл ішінде ұрлық жасағандар бармағын тістеп, өкініш білдіріп жатады. Осыған орай мал ұрлығы үшін жазаның жеңіл емес

екенін айта беруіміз керек. Ендігі жерде азаматтар малды қараусыз қалдырмауы және ветеринарлық төлқұжатпен алып жүру керек.

Қазақ елінде «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» өз дәуіріндегі заң-жарғылардың, мемлекеттік құқықтардың жинақталған озық үлгісі болды. Міне, сол заңдардың қай қайсысында болмасын мал дауы үшін ауыр жаза тағайындалатын. Ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан қылмыс жазаны қатандатумен тыйылады демеіміз. Бірақ мал ұрлығының ұйымдасқан түрімен күресу үшін ауқымды шаралар тұрақты жүргізіле береді.

Әсел ДОСАЕВА,
Маңғыстау аудандық сотының судьясы

ҚҰҚЫҚ

ТРЕНИНГ



ҚАТЕЛІКТЕН САБАҚ АЛ!

Жақында Алматы қаласы ҚАЖК ЛА-155/13 мекемесінің тәрбие бөлімінің аға инспекторы, психолог Ж.Шубаеваның ұйымдастыруымен «Қателікпен жұмыс» деген тақырыпта тренинг өткізілді. Шараға Алматы қаласы бойынша КТЖ бейімдеу орталығының психологы Л.Жаманкулова қатысты.

Тренинг мекемедегі қатаң жағдайда ұсталатын сотталғандар арасында ұйымдастырылды. Мұндағы басты мақсат сотталғандарға жасаған қылмысының заңға қайшы екенін түсіндіріп, алдағы уақытта мұндай қателік жасамауына ықпал ету. Шара барысында «Адасқан ұлдың оралуы» атты астарлы бейнематериал көрсетілді. Бұл жазбаның сотталғандарға берген әсері зор. Себебі, осы жазба арқылы олар заңға қайшы жасаған іс-әрекеттерін сараптауға, қылмысқа қатысты өз ойларын ашып айтуға мүмкіндік алды. Сотталғандардың әрқайсысына сөз беріп, өкінішін тыңдай отырып өзгелер де өзіне үлкен өмірлік сабақ алды деп ойлаймыз. Өткізілген тренинг пен бейнематериал сотталғандардың көңілінен шықты.

Алматы қаласы ҚАЖК ЛА-155/13 мекемесі

БАЙҚАУ

ЖҮЛДЕГЕРЛЕР АНЫҚТАЛДЫ

Алматы қаласының ҚАЖ департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде көмелетке толмаған жазасын өтеушілер арасында «Ең үздік психологиялық газет» байқауы ұйымдастырылды.



Іс-шараның мақсаты психологиялық ойлауды дамыту, сотталғандарға әлеуметтік-психологиялық білімді насихаттау, жасөспірімдерді қоғамдық өмірге бейімдеу, өзара қарым-қатынас мәдениетін дамыту, сондай-ақ, төтенше оқиғалардың алдын алу.

Жарысқа Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің ұстаздары Алма Акажанова мен Айнуір Дюсенбаева, «QAZAQSTAN JASTARY» қоғамдық қорының ұйымдастырушысы Нұржау Маді қазылық етті.

Байқауда Секен Бақдаулет өз тобы жасаған «Танымал ақпарат» және «Пайдалы ақпарат» газетін қорғап 1-орынға ие болды. Ал Дамир Қайырбекұлы өз тобымен «Өз-өзіне психолог», «Психологиялық қалжың» тақырыбында салған суреттері мен ақпаратын қорғап 2-орынды қанжығаға байлады. 3-орынды Руслан Перепилицин алды.

Сотталғандар психология туралы танымдық ақпарат алды. Әділқазылар алқасы жеңімпаздарды грамотамен марапаттап, кітаптар тарту етті. Сонымен қатар мекеме психологы әділет лейтенанты А.Искакова жүлделі орын алған жеңімпаз қатысушылардың қабырға газетін Алматы қаласы ҚАЖД-да өтетін жарысқа қатыстыратынын, жүлделі орын алған жағдайда арнайы сыйақымен марапатталатынын атап өтті.

Еркегүл ЖЕҢІСХАН,
ЛА-155/6 мекемесі

БІЛГЕН ЖӨН

РЕСМИ ҚҰЖАТТАРҒА
АПОСТИЛЬ ҚАЛАЙ ҚОЙЫЛАДЫ?

Апостиль – құжаттамаға қол қойған адамның қолын және оның өкілеттігін, сондай-ақ, құжат бекітілген мөрдің немесе мөртаңбаның түпнұсқа екенін растайтын арнайы мөртаңба.

Қазақстан аумағында түпнұсқаларға апостильді қою үшін өзге егеменді мемлекеттердің мемлекеттік органдары, лауазымды адамдары немесе нотариустары берген құжаттар қабылданбайды. Апостильдің мәтініне өзгеріс енгізуге және оның мөртаңбасындағы жолдардың орналасу ретін өзгертуге жол берілмейді. Апостиль қойғаны үшін алым төленгені және құжатты ұсынуы бойынша апостиль қойылады. Апостиль құжат түпнұсқаларында да, нотариаттық расталған көшірмелерде де қойылуы керек.

Апостиль Гаага конвенциясының қатысушысы ретінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан, лауазымды адамдарынан немесе нотариустарынан ғана шығатын ресми құжаттардың түпнұсқаларында қойылады. Қазақстан аумағында түпнұсқаларға апостильді қою үшін өзге егеменді мемлекеттердің мемлекеттік органдары, лауазымды адамдары немесе нотариустары берген құжаттары қабылданбайды.

Лауазымды адамның қолының, құжат шығатын мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның елтаңбалық мөрі мен мөртаңбасының үлгісі болмаған жағдайда, апостиль құжаттардың нотариаттық расталған көшірмесінде қойылуы мүмкін. Егер құжатқа бірнеше адам қол қойса, апостильде лауазымды адамның қолы расталады және қызметі бойынша басты тұлғаның лауазымы көрсетіледі.

Арнат ТҮРСЫНӘЛІ,
Байқоңыр қалалық сотының жетекші маманы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұдан кейін Үкімет басшысы өңір тұрғындарын сумен жабдықтайтын маңызды нысан – «Каспий» су тұщыту зауытына барды. Зауыт теңіз суын тұщыландыру үшін жаңа технология – «Байқоңыр» ғарыш айлағының алаңдары мен орбиталық ғарыш станцияларында қолданылатын экологиялық ең таза әдісті қолданады. Қондырғы көмегімен табиғи тұздар мен минералдарды сактай отырып, судағы радиоактивті бөлшектер, бактериялар, вирустар және басқа да қоспалардан тазартады.

Бүгінгі таңда зауытты кеңейту жобасы аясында құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл тәулігіне судың өнімділігін 40 мың текше метрге дейін арттыруға мүмкіндік береді. Жұмыстарды осы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

«Өңірді сумен қамту, әсіресе, жазғы кезеңде, ең өзекті мәселелердің бірі. Жыл өткен сайын су тұщыту қондырғыларының қуаты жетпейтіні сезіледі. Осыған байланысты үкімет зауыттың өнімділігін екі есе арттыру үшін оны жаңғыртуға 12 млрд теңгеден астам қаражат бөлді. Бұл мәселе Мемлекет басшысының бақылауына алынған. Барлық жұмысты сапалы әрі уақытында жүргізу қажет», — деді Премьер-Министр.

Мамыр айында қуаттылығы тәулігіне 5 мың текше метр болатын қондырғы іске қосылмақшы. Осылайша зауыттың тәуліктік өнімін 25 мың текше метрге жеткізуге болады. Сөйтіп, су тапшылығын көріп отырған 12 ауылдың мәселесін біртіндеп шешу көзделген.

Осыдан кейін Әлихан Смайылов Қазақстандағы аммиак және аммиак селитрасын өндіретін жалғыз кәсіпорын – «ҚазАзот» АҚ-ға барып, онда бейтараптандыру және буландыру бөлімшесін іске қосу рәсіміне қатысты. Жаңа нысан компанияға жылына қосымша 415 мың тоннаға дейін өнім шығарамыз

деген жоспар бар. Жобаны іске асыруға 6,3 млрд теңге жеке инвестициялар бағытталды.

Премьер-Министр еліміздің өнеркәсіптік дамуын ынталандыру бойынша кешенді шаралар қабылдап жатқанын айтып өтті. Атап айтқанда, «ҚазАзот» зауыты әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар аясында бірнеше рет қолдауға ие болды. Компания қолданыстағы өндірісті жаңғыртуға және жаңа технологияларды енгізуге инвестиция бөлуді жалғастырып келеді. Зауытта жаңа жұмыс орындары құрылуда, мамандар оқытылып, қайта даярланады.

«Өңірдің ерекшелігін ескере отырып, табиғи газ түріндегі шикізатының болуы компанияға ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін минералдық тыңайтқыштар өндірісін одан әрі дамытуға мүмкіндік береді. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі облыс әкімдігімен бірлесіп, жұмыс орындарын ашып, жаңа өнімдер шығаруы үшін «ҚазАзотқа» көрсетілетін қолдауды күшейтуі керек», — деді Ә. Смайылов.

Сондай-ақ, Үкімет басшысы жұмыс сапары барысында Каспий теңізінің шығыс жағалауында бірнеше халықаралық көлік дәліздерінің қиылысу нүктесінде орналасқан Ақтау теңіз сауда портына да барды.

Портта шығыстан батысқа, солтүстіктен оңтүстікке және кері қарай Иран, Түркия, Ресей, Әзірбайжан бағытында жүк тасымалданады. Бұл – Каспийдегі ең ірі көлік торабы.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Ақтау портының базасында кемінде 19 га алаңда контейнерлік хаб салу жоспарда бар. Құрғақ жүк айлақтарының қуатын ұлғайтуды көздейтін жобаға көптеген шетелдік компаниялар қызығушылық танытып отыр, бұл теңіз портының контейнерлік парк пен сервистің ірі торабына айналуына жол ашады.

Әлихан СМАЙЫЛОВ, ҚР Премьер-Министрі:

«ПОРТТАРДЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУ МАҢЫЗДЫ»

«Маңғыстау облысының халықаралық маңызы бар, ауқымды көлік-логистикалық және инфрақұрылымдық-сервистік әлеуеті зор. Алайда еліміздің теңіз порттарының мүмкіндіктері толық пайдаланылмайды, ал жүктеме орта

геология және табиғи ресурстар министрi Серiкқали Брекешев, ауыл шаруашылығы министрi Ербол Қарашөкеев, ұлттық экономика вице-министрi Бауыржан Омарбеков, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрi Ержан



есеппен 21% ғана құрайды. Бұл жағдайды өзгерту қажет. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі «Қазақстан темір жолы» АҚ-мен бірлесіп, транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша экспорттық жүктерді бағыттау арқылы Ақтау және Құрық теңіз порттарының жүктемесін ұлғайту мәселесін пысықтауы қажеттігін айтты.

Премьер-Министр туристік аймақ объектілерінің, оның ішінде Aqualina Resort курорттық-қонақ үй кешенінің, Double Tree by Hilton қонақ үйінің және сауда қатарлары бар Fairmont қонақ үйінің құрылыс барысымен де танысты.

Жаңа нысандарды іске қосудың арқасында аймаққа туристер ағынын екі есеге арттырып, мыңдаған жаңа жұмыс орындарын құру жоспарланған.

Одан әрі Премьер-Министр Әлихан Смайылов өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Кеңес барысында Маңғыстаудың ел дамуына, ұлттық экономикаға елеулі үлес қосып келе жатқанын атап өтті. Өңірде өңдеу өнеркәсібі, мұнай сервисі, құрылыс индустриясы, көлік, логистика және туризм саласы қарқынды дамып келеді.

Облыс әкімі Нұрлан Ноғазев, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрi Қайырбек Өскенбаев, экология,

Біржанов, энергетика вице-министрi Әсет Мағауов, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев баяндама жасады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қабылданған «Өңірді дамытудың 2025 жылға дейінгі кешенді жоспары» аясында бірқатар маңызды жобалардың іске асырылатынын атап өтті. Бұл жаңа өнімдер шығаруға, жұмыс орындарын құрып, облыс тұрғындарының тұрмыс-тіршілігін жақсартуға мүмкіндік береді.

«Жоспарланған жобалардың сапалы іске асырылуын қамтамасыз етіп, өңірдің одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беру қажет. Бұл – аймақ басшылығының алдына қойылатын негізгі міндеттердің бірі. Бұған үкімет тарапынан қажетті қолдау көрсетіледі», — деді Премьер-Министр.

Әлихан Смайылов биыл республикалық бюджеттен өңірді дамытуға бөлінген қаражат аясында жаңа мектептер мен көп пәтерлі үйлер салу, күре жолдарды жаңғырту және жөндеу, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды, сондай-ақ, денсаулық сақтау және білім беру салаларын дамыту жоспарланғанын атап өтті. Одан бөлек, қаражат агроөнеркәсіптік кешенді және өнімді жұмыспен қамтуды қолдауға бағыттала-

тын болады. Облыс басшылығының алдында тұрған маңызды міндет ретінде Үкімет басшысы азық-түлік бағасының өсуін тежеу мәселесін атады.

«Облыста жыл басынан бері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы 16%-ға өсті. Бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу үшін қолда бар құралдарды толығымен әрі тиімді қолдану маңызды», — деді.

Облыс әкімдігі сауда үстемесіне бақылауды күшейтіп, оңтүстіктегі өңірлер мен шекаралас мемлекеттерден ерте пісетін көкөністерді жеткізуге тікелей шарттар жасасуы керек, «айналым схемасы» механизмін кенінен қолданып, форвардтық сатып алу бойынша қаржыландыруды ұлғайтуы қажет екенін айтты.

Үкімет басшысы өңірдегі өзекті мәселе – жұмыссыздық, оны шешудің негізгі жолы инвестиция тарту екенін айтты. Биыл мыңнан астам жұмыс орнын құрумен 21 инвестициялық жобаны іске қосуды жоспарлауда.

«Бірақ бір мың дегеніміз не? Облыста 20 мыңнан астам жұмыссыз азамат тіркелген. Облыс басшылығы салалық министрліктермен және «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, жаңа инвестициялық жобаларды іске қосу және халықты жұмыспен қамтамасыз ету мүмкіндіктерін қарастыруы керек. Сондай-ақ, өндірістік кәсіпорындардағы еңбек дауларын шешудің тиімді шараларын қабылдаған жөн», — деді Әлихан Смайылов.

Кеңесті қорытындылай келе, Премьер-Министр Маңғыстау облысының елді мекендерін газдандыру және сумен жабдықтау мәселелеріне қатысты бірқатар басқа да тапсырмалар берді. Үкімет басшысы фермерлерді мал азығының қажетті көлемімен қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударды. Осыған байланысты Ауыл шаруашылығы министрлігі «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-мен және облыс әкімдігімен бірлесіп, жеңілдіктерді ұзарту мен жем-шөпті өңірлерге жеткізу бойынша түбегейлі шаралар қабылдауы қажет.

Жазира ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ,
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ДЕНСАУЛЫҚ


КОВИД
ІЗСІЗ КЕТПЕДІ

Екі жыл бойы дүние жүзін дүрбелеңге салып, уысында ұстаған коронавирустың беті қайтып, қалыпты өмірге қайта орала бастадық. Дегенмен «ат аунаған жерде түк қалады» дегендей, ковид ізсіз кетпеді. Пандемия кезеңінде инфекция жұқтырған және буын аурулары бар науқастар «постковид синдромы» деп аталатын зардаптарға душар болуда.

Науқастардың әлсіз тұсынан ұстаған тәжтажалдан адамдар сауығып кеткеннен кейін де денесіне әртүрлі бөртпелер шығып, шашы түсіп, ііс пен дәм сезу қабілеті нашарлап, бойын әлсіздік билеп, тез шаршап қалатын болған. Жөтелі толық кетпей, кеудедегі ауырсыну сезімі пайда болып, есте сақтау қабілеті төмендеп, депрессия, бас ауруы, бұлшықет және буын ауруларына шалдыққан. Осы орайда «COVID-19 буын ауруларына қалай әсер етуде?» деген сауалды Алматы қалалық ревматологиялық орталығының мамандарына жолдаған едік.

Мамандардың айтуынша, жер бетінде ең көп тараған ауру түрлерінің бірі – буын аурулары. Ол ағзадағы зат алмасу процесі бұзылғанда, қатты жарақат алғанда пайда болады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, әлемде адамзаттың 25%-ы буын ауруларымен ауырады екен. Пандемия кезінде бұл дертпен науқастанушылар саны арта түскен.

Алматы қаласындағы Республикалық электронды денсаулық сақтау орталығының мәліметіне сәйкес, соңғы он жылда пациенттердің жалпы саны 33%-ға өскен. Соның



ішінде буын ауруымен есепке алынғандар саны үш есе артқан. Олардың арасында артрозбен ауыратындар 5,4 есе, ревматоидты артрит ауыруымен науқастанушылар 3,8 есе, жүйелі қызыл жегі дертінен зардап шегушілер саны 2,7 есеге көбейген. Алматы қалалық ревматологиялық орталығында стационарлық ем алғандар саны да үш есе өскен. Ал дәрігер кеңесіне жүгінген сырқаттар саны тек 2021 жылдың өзінде 22297 пациентті құраған. Қабылдауға келген әр үшінші пациент бұл кеселдің COVID-19 дертінен кейін пайда болғанын айтады.

Науқастардың басым көпшілігін әйелдер құрайтынын (78%) айта кеткен абзал. Олардың дені – 18-59 жастағы бала табуға қабілетті қыз-келіншектер. Сондай-ақ, дәрігер көмегіне жүгінгендердің 37%-ын буын аурулары бойынша мүгедектігі бар азаматтар құрайды. Білікті мамандар тағайындаған кешенді емдом олардың мүгедектік деңгейін төмендетіп, еңбекке оралуына ықпал етеді.

Аталған кеселмен күрес жолында ревматологиялық орталық мамандары тарапынан бірқатар жұмыстар атқарылуда. Айталық, тұрақты түрде жұмыс істейтін Жүкті әйелдер мектебінде және Артрит мектебіндегі жоғары білікті дәрігерлер ай сайын науқастарға буын аурулары туралы дәріс оқып, дәрілік препа-

раттарды қабылдау тәртібі, дұрыс тамақтану туралы ақпараттар ұсынады. Мұндай ағарту дәрістеріне өткен жылы 125 және биылғы бірінші тоқсанда 38 жүкті келіншек қатысты. Жалпы, орталықта 463 болашақ ана есепке алынған.

Бұдан бөлек, 2018 жылы ашылған Остеопороз орталығында науқастарға рентген-деситометрдің көмегімен заманауи диагностика жүргізіліп, сүйек минералдарының жетіспеушілігін ерте кезеңінде анықтайды. Былтыр 1293 пациентке және биыл – алғашқы үш айда 505 науқасқа сырқатына байланысты кеңес берілді. Сонымен қатар кейінгі жылдары Facebook және WhatsApp мессенджерлері арқылы онлайн кеңес беру жолға қойылған.

Мұнда ғылыми жұмысқа да айрықша көңіл бөлінген. Мысалы, орталық мамандары 2021 жылы 36, ал 2022 жылдың бірінші тоқсанында 7 ғылыми мақала жариялаған.

Орталықта алдағы уақытта бұдан да жақсы жетістіктерге жету үшін шешімін табуды күтіп тұрған өзекті мәселелер аз емес. Ең бастысы, 1947 жылы салынған орталықтың ғимаратын кеңейту қажет. Бүгінгі таңда небәрі 77 кереуетке есептелген қалалық ревматологиялық орталықта жатып, тиісті ем-дом алу үшін 692 науқас кезекте тұр. Олар өз кезегін 2022 жылдың 21 тамызына дейін күтпек. Ал ағымдағы жылдың 30 сәуіріне дейін ревматологиялық қабылдауына жазылған пациенттер саны 2105 адамды құрайды. Сонымен қатар реабилитациялық төсектер санын көбейту, қызметкерлердің кәсіби біліктілігін шетелде арттыру, дәрі-дәрмектермен жеткілікті түрде қамтамасыз ету сияқты уақыт күттірмес мәселелерге алдыңғы кезекте назар аударған жөн болмақ.

Ақ халаттылардың айтуынша, ревматология бүгінгі таңда маңызды сала. Өйткені, ерте ме, кеш пе, әрбір адам буын ауруларымен күресетін болады. Дегенмен, бүгінде елімізде ревматизм ауруларының барша түрін емдеуге мүмкіндік бар.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

БАЛАЛАРДЫҢ АРАСЫНДА
СЕМІЗДІК БЕЛЕҢ АЛУДА

Бүгінде біз толық адамдарды жиі кездестіреміз. Әсіресе, өскелең ұрпақтың денсаулығына семіздік зор зиян келтіреді.

Ақтөбе облысында 2021 жылдың қорытындысы бойынша 14 жасқа дейінгі балаларда 75 семіздік ауруы тіркелді (2020 жылы – 89), бұл топтағы балаларда семіздіктің таралу деңгейі 100 мың тұрғынға шаққанда – 28,7 көрсеткішті құрайды (2020 жылы – 34,1). Балалардағы семіздіктің таралу деңгейінің айтарлықтай төмендегеніне қарамастан, Мұғалжар (42,4) және Темір аудандарында (41) семіздіктің таралу деңгейінің өскені байқалады. Сонымен қатар балалардың семіздік бойынша аурушандық деңгейі 100 мың тұрғынға шаққанда облыстық көрсеткіштен (28,7) Ақтөбе қаласында – 41,3, Мұғалжар ауданында – 42,4, Темір ауданында – 41 асып түседі.

Статистика бойынша толық балалардың 30-80% өсе келе толық ересектерге айналады. Семіздіктің қауіптілігі – көптеген созылмалы жұқпалы емес аурулардың пайда болу қаупін едәуір арттырады. Мысалы, созылмалы жұқпалы емес аурулардың ішінде диабеттің – 44%, жүректің ишемиялық ауруы – 23%, онкологиялық аурулардың – 41% жағдайлары семіздіктен туындайды. Артық салмағы бар балалар мен жасөспірімдердің 80% жуығында – артериалдық қысым бар, 25% – диабет алды, 35% – бауырдың майлылық ауруына шалдыққан.

Балалар арасындағы дене белсенділігінің төмендігі бүгінде кең таралған құбылыс. Қазіргі кезде балалар теледидардың немесе компьютердің алдында сағаттап қозғалыссыз отырады, бейнеойындарды гаджеттерден (ұялы телефон, планшет) ойнауға немесе ғаламторды шарлауға көп уақытын жібереді. Оның үстіне осындай демалыс сәттерінде чипсілерді, қытырлақ таяқшаларды, қуырылған жаңғақшаларды, ұлпектерді, ұсақ пенькелерді көп жеп, тәтті сусындарды да мөлшерден тыс ішеді. Мұның бәрі қауіптілікті арттырады. Осындай қауіптерден кейін балаларды салауатты өмір салтына жұмылдырған маңызды.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

Мемлекетімізде заңдарды жетілдіруге бағытталған жұмыстар ауқымды. Айталық «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес, Қылмыстық кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын. Соған орай мал ұрлығына қатысты жаңа бап қолданыла бастады.

ҚЫЛМЫСТЫҢ ӨТЕУІ – ЖАЗА



Оралбек БАҚТЫГЕРЕЕВ,
Шалқар аудандық сотының төрағасы

Кодекстің бұрынғы нормасы бойынша мал ұрлығына байланысты қылмыстық құқық бұзушылық жалпы ұрлық санаты ретінде бір баппен (188-бап) сараланып келген еді. Өзгеріске сәйкес қазіргі уақытта мал ұрлығы өз алдына бөлек баппен (188-1-бап) сараланады. Ол бап 4 бөліктен тұрады. Сараланудың ретіне қарай мал ұрлығы үшін кінәлінің мүлкі тәркіленіп, бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалады. Бөтеннің малын жасырын жымқырғандар кодекстің 188-1-бабының 1-бөлігімен қылмыстық жауаптылық туындайды. Ал алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобымен, не ірі мөлшерде жасалған мал ұрлығы үшін кодекстің 188-1-бабының 2-бөлігімен қылмыстық жауаптылық белгіленген. Мал ұрлығын бірнеше рет, әрі тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның,

ұйымның, мекеменің, мал қораның, қашаның немесе өзге де қойманың ауласына кіру арқылы жасаған адамға қатысты кодекстің 188-1-бабының 3-бөлігімен қылмыстық жауаптылық туындайды. Қылмыстық топ жасаған немесе аса ірі мөлшерде жасалған мал ұрлығы үшін кодекстің 188-1-бабының 4-бөлігімен қылмыстық жауаптылық қарастырылған.

Қылмыстық заңда негізгі және қосымша жаза деген түсінік бар. Осы мал ұрлығына қатысты баптың аталған барлық бөліктерінде мүлікті тәркілеу түріндегі қосымша жазаны міндетті түрде тағайындау көзделген. Ал, негізгі жазаның жоғарғы шегі он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру болып белгіленген. Осы баптың 1-бөлігі ауырлығы орташа қылмыс санатына жататын болса, қалған 2, 3 және 4-бөліктері ауыр қылмыс болып есептеледі.

Шалқар аудандық сотында 2020 жылы мал ұрлығына қатысты – 4, 2021 жылы 2 қылмыстық іс қаралған. Мысалы, бір азамат шаруа қожалығының біріне кіріп, қамалуы тұрған бірнеше ұсақ малды ұрлап, жөбірленушіге мүліктік зиян келтірген. Сот тергеуі кезінде сотталушының кінәсі толық дәлелденді. Ол Қылмыстық кодекстің 188-1-бабының 3-бөлігінің 2)-тармағымен кінәлі деп танылып, әрекеті ауыр қылмыс болғандықтан сот үкімімен оған бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Қылмыстың өтеуі – жаза. Мұндай ақпарат ұрлыққа бел бугандарға тосқауыл қоя алса игі.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

АТА-АНА ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ ЖАУАПТЫЛЫҚТАН ҚҰТҚАРМАЙДЫ

Бүгінгі қоғамда бала тәрбиесіне деген көзқарас ерекше, себебі олардың тағдыры болашақпен, елдің дамуымен тығыз байланысты екендігі анық. Конституцияның 27-бабының 1, 2-тармағында «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы өрі міндеті» деп көрсетілген.

Баланың шыр етіп өмірге келуі зор қуаныш. Өйткені, бала – өмірдің жалғасы, отбасының шаттығы. Ата-ана нәресте дүниеге келген күннен бастап қамқорлықпен, саналы азамат болып өсіруі үшін қажет жағдай жасайды. Алайда, қазіргі қоғамда осы сөздерге сай келмейтін, ата-аналық жауапкершілігін сезінбейтін, өз перзентіне өгейлік танытатындар аз емес. Соның салдарынан ата-ана құқығынан айыру туралы істер сот қарауына жиі түсуде.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекстің 75-бабына сәйкес, егер ата-аналар ата-аналық міндетін орындаудан жалтарса, оның ішінде алимент төлеуден қасқана жалтарса; өз баласын перзентханадан (оның бөлімшесінен), жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ұйымынан және өзге де ұйымнан алудан дәлелсіз себептермен бас тартса; өздерінің ата-ана құқығын теріс пайдаланса ата-ана құқығынан айырылады. Бұл баламен туыстыққа негізделген барлық құқықтың жоғалуына әкеп соғады. Ата-ана құқықтарынан айыру ата-аналарды өз баласын асырау міндетінен босатпайды, ол оны асырап алумен тоқтатылады.

Бала үшін ата-ана – өміріндегі басты тұлға, ең жақын адам. Олардан қол үзу бала үшін де оңай соқпайды, сондықтан ата-ана құқығынан айыру мәселесінде баланың мүддесі басты назарға алынады. «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңнаманы қолдануы туралы» Жоғарғы Соттың 2018 жылғы 29 қарашадағы №15 нормативтік қаулысының 13-тармағында: «ата-аналық құқықтан айыру ең соңғы шара болып табылады, сондықтан ата-анасының кінәлі мінез-құлқы дәлелденген ерекше жағдайларда, сот оның мінез-құлқының сипатын, жеке басын және басқа да нақты мән-жайларды ескере отырып, ата-ана құқығынан айыру туралы қойылған талапты қанағаттандырудан бас тартуға және жауапкерге оның балаларды тәрбиелеуге көзқарасын өзгерту қажеттігін ескертіп, оның ата-аналық міндеттерін орындауын бақылауды қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға жүктеуге құқылы» – делінген.

Қоғам отбасынан құралады. Ал отбасы ата-ана мен баладан тұрады. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» демекші, жақсы ата-ана бола білу жауапты іс екенін ескеріп, ата-ана деген ардақты атқа лайықты болған абзал.

А.ЕСНИЯЗОВА,
Ақтөбе облысы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсе бас маманы

ӘКІМШІЛІК СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ СУДЬЯНЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ ЖОҒАРЫ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев кезекті жолдауында жария-құқықтық дауларда азаматтардың көп жағдайда теңсіздік ахуалында қалатынын айтқаны есімізде. Сондай-ақ, жеке тұлғалардың мүмкіндігін мемлекеттік аппараттың ресурсымен салыстыру мүмкін еместігін айтып, осындай теңсіздікті болдырмау үшін дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу қажеттігін тапсырды. Былтыр Қазақстанда билік органымен дауда ең әлсіз тарапты қорғауға бағытталған әкімшілік әділет институты іске қосылды.

Жаңа институт қабылданғанға дейін қарапайым азамат пен әкімдік арасында дау туындай қалған жағдайда дәлелі көп әрі ол дәлелімен сотты сендірген тарап болса, қазір, яғни жарты жыл ішінде әкімшілік соттарға 14 мыңнан астам талап арыз келіп түсіп, шешімдердің 48% талапкерлердің пайдасына шешіліп, мемлекеттік органдар әрбір екінші істе жеңіліске ұшырағаны байқалады.

Әкімшілік әділет аясында сот органдары арыздағы талаптарды дұрыс көрсетуге, тіпті, оның түрін өзгертуге дейін көмектесе алады. Атап айтсақ, әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады. Судья әкімшілік істің нақты және заңды тұсына жататын құқықтық негіздеме бойынша өзінің алдын ала пікірін айтуға құқылы.

Барлық адам заң алдында тең. Заман талабы – заңды білуге міндеттейді. Осы тұрғыда қылмыстық істі жүргізу барысында айыпталушыға қолданылатын бұлтартпау шарасы жайында түсіндіре кетуді жөн көрдім.

Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде соттың санкциялауына – күзетпен ұстау, ұйқамақ, кепіл түріндегі бұлтартпау шаралары жатады. Бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхаттарды қарау сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында тергеу судьяларының құзырында. Тараптар шағым немесе өтінішхат берген жағдайда тергеу судьясының қаулыларын қайта қарауды тиісті облыстық немесе оған теңестірілген соттың судьясы жүзеге асырады.

Сот сатыларында бұлтартпау шарасын таңдау, оның күшін жою, өзгерту, ұзарту мәселелері қылмыстық істі қарайтын соттың құзыретіне кіреді. Бұлтартпау шарасын санкциялау, сондай-ақ, оның мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдау кезінде тергеу судьясы күдіктінің заңда көзделген құқығының сақталуын қамтамасыз етуі қажет. Тергеу судьясы күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы шешімді сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу орны немесе күдіктіні ұстау орны бойынша, ал ҚПК-нің 57-тарауында көзделген жағдайда сотқа өтінішхатты жіберген органның орналасқан жері бойынша қабылдайды. Тағы бір айта кетерлігі, тергеу судьясы күзетпен ұстау мерзімін одан әрі ұзартуды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу орны бойынша қарауға тиіс. Күдіктіні, айыпталушыны күзетпен ұстау түріндегі

бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатты қарау қорытындысы бойынша тергеу судьясы ҚПК-нің 148-бабының жетінші бөлігінде көзделген қаулының бірін шығарады. Яғни, ҚПК-нің 148-бабы жетінші бөлігінің 3) тармағына сәйкес күзетпен ұстауды санкциялаудан бас тартылған жағдайда тергеу судьясы ҚПК-нің 137-бабының бірінші бөлігінде көзделген өзге де бұлтартпау шарасын таңдауға құқылы. Өзге бұлтартпау шарасын таңдау үшін негіз болмаған кезде тергеу судьясы күзетпен ұстауды санкциялаудан бас тартуға құқылы.

ҚПК-нің 136-бабының бірінші бөлігінде санамаланған әрекеттерді күдіктінің, айыпталушының іс жүзінде жасауы мүмкіндігін қуәландыратын нақты мән-жайлар бұлтартпау шарасын қолдану үшін негіз болып табылады. Мұндай негіздер болмаған кезде бұлтартпау шарасы таңдалмауы тиіс. Бұдан басқа бұлтартпау шарасы ҚПК-нің 138-бабының бірінші бөлігінде көзделген мән-жайлар ескеріле отырып таңдалады. ҚПК-нің 138-бабының екінші бөлігіне сәйкес жасалған қылмыстың ауырлығы тізбесі, ҚПК-нің 136-бабының екінші бөлігінде келтірілген қылмыстарды қоспағанда, күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау үшін жалғыз негіз бола алмайтынын соттардың ескергені жөн.

Сонымен бірге, ҚПК-нің 136-бабының үшінші бөлігінде санамаланған қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деп күдік келтірілген, айыпталған адам ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық қоғамдастықтың

Тағы бір айта кетерлігі, әкімшілік процестің барлық сатысында тараптар сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі. Сондай-ақ, сот тараптардың татуласуы үшін шараларды қабылдай отырып, дауды процестің бүкіл сатысында реттеуге жәрдемдеседі. Егер, сот татуласудың келісім шарты заңға қайшы келетін болса немесе басқа да адамдардың құқығын, бостандығы мен заңды мүддесін бұзатын болса бекітпейді. Тараптар татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы ортақ келісімге қол жеткізбесе немесе сот келісімінің шартын бекітпесе, әкімшілік істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі.

Қорыта айтсақ, елімізде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті қабылдау мемлекеттік орган қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттырып, жария-құқықтық дауды шешудің нақты тәртібін белгілеп, мемлекеттік орган мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы дауларда теңсіздікті жоюға жол ашты.

Замира МАХИТОВА,
Мұнайлы аудандық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ЗАҢ АЛДЫНДА БӘРІ ТЕҢ

(қылмыстық ұйымның) құрамында қылмыс жасады деп күдік келтірілген не қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынуға әрекеттенген немесе жасырынған жағдайларды қоспағанда, осы адамға қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануға жол берілмейді. Егер адамға экономикалық қызмет саласындағы қылмысты ғана емес, күзетпен ұстауды қолдануды жоққа шығармайтын Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген басқа да қылмысты жасады деп күдік келтірілсе, айып тағылса, судья оған негіздер болған кезде бұлтартпау шарасының осы түрін таңдауға құқылы.

Бұлтартпау шарасын қолдану кезінде олардың түріне байланысты заң талаптарына сәйкес қолхат, жазбаша міндеттемелер немесе хаттама жасалуы мүмкін. Бұлтартпау шараларының қатаңдығы айыптаудың ауырлығы мен айыпталушының жеке басына қатысты болады. Айыпталушыға бір мезгілде бірнеше бұлтартпау шарасы қолданылмайды. Бұлтартпау шаралары қолданылған күдіктіге 10 тәулік ішінде айып тағылуы шарт. Егер осы мерзім ішінде айып тағылмаса, мәжбүрлеу шарасы дереу тоқтатылады. Бұлтартпау шарасының күшін жою немесе өзгерту анықтаушының, тергеушінің немесе судьяның дәлелді қаулысы бойынша не соттың ұйғарымы бойынша жүргізіледі.

С.АМАНТАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының судьясы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ЕСІРТКІ – ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ

Есірткі – бұл адамның көңіл-күйін, сана-сезімін, мінез-құлқын бұзатын қауіпті, тыйым салынған зат. Ол адамның есін алып, құмарлық желігіне ұшыратады, есірткісіз өмір сүре алмайтын бейшара халге түсіреді. Есірткі – аса қауіпті, айығуы үмітсіз әлеуметтік дерт.

Еуразия жолдарының қиылысында орналасқан Қазақстанның геосаяси жағдайы есірткі тасымалдау үшін транзиттік дәліз ретінде қолайлы екені жасырын емес. Аса ірі мөлшерде есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды заңсыз айналымға шығарып, женталаса қимылдап жатқан халықаралық есірткі синдикаттары мен ұйымдасқан қылмыстық топтар заңсыз тасымалдау кезінде, еліміздің тұрғындарын «жол бойы» зақымдап улау салдарынан, республикамызда есірткіге тәуелді азаматтар саны айтарлықтай көбейіп отыр.

«Есірткі және жүйкеге әсер ететін заттар айналымын мемлекеттік реттеудің және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі арнаулы заңымен «Бақылауға жататын есірткілік заттар, жүйкеге әсер ететін құралдар және прекурсорлар туралы»

ҚР Үкіметінің 1998 жылғы 9 наурыздағы №186 қаулысымен бекітілген тізім бойынша жүзеге асырылады. Бұл нормативтік актілер 1961 жылғы есірткі заттар туралы бірыңғай конвенцияға түзетулер жөніндегі 1972 жылғы хаттамаға сәйкес, 1971 жылғы психотроптық заттар туралы конвенцияға, БҰҰ-ның есірткі заттардың және жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы 1998 жылғы конвенцияға негізделіп қабылданған. Аталған заң есірткі заттарының және жүйкеге әсер ететін құралдардың, прекурсорлардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шараларын, сондай-ақ, мемлекеттік саясатты құқықтық реттеуді, қоғамдық және мемлекеттік қауіпсіздікті, азаматтардың денсаулығы мен нашақорлыққа түсуі жағдайын реттейді. Сондықтан да, есірткіге үйірлерді тоқтату үшін күнделікті жанұяда болсын, мектепте болсын өскелең ұрпаққа оның зиянын айта беру керек деп ойлаймын.

Қ.НАУРЫЗБАЙ,
Қызылорда облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маман – сот отырысының хатшысы

СОТ ІС ҚАРАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сот отырысында талап қоюшы материалдық шығынын «Халық сақтандыру компаниясы» АҚ төлегенін, алайда моральдық зиян бойынша талап қоятынын жеткізді. Ал жауапкер «Жиенбай» ЖШС-ның өкілі талапты мойындамады. Яғни, ол Орал-Казталов автобусы ішінде талап қоюшының денсаулығына зақым келтірілген жағдайды іске жауапкер ретінде тартылған кезде ғана білгенін айтты. Сақтандыру шарты бойынша тиісті құжаттар сақтандыру компаниясына жолданған, сақтандыру өтемакисы төленгенін жеткізді. Жүргізуші жолсапарға шығар алдында жолаушыларға ауыр жүкті автобустың жүк қоятын бөлігіне салу қажет екенін ескеркенін, сондай-ақ, автобус ішінде қол жүгіне қатысты қауіпсіздік шарасын сақтауы тиіс екенін, оқиға бойынша жүргізушінің кінәсі жоқ екенін келтірді.

Сот отырысында жауапкер – қол жүгінің иесі де талап қоюды мойындамады, автобус ішінде талап қоюшының басына пакет түскенін көргенін, пакетті өзінің қасынан артқы жаққа итеріп жібергенін, бірақ пакет кімге тиесілі екенін білмейтінін жеткізді.

Казталов АПБ-нің өкілі М.Мамбетов 21.11.2021 жылы сағат 22.40-та аудандық ауруханаға талап қоюшының «жабық ми жарақаты, бас миы шайқалуы» анықтамасымен түскенін және оның арызы тіркелгенін, арыз иесі Орал-Казталов автобусы ішінде жоғарғы сөреден басына А.Бисекенованың қол жүгі құлап, басынан жарақат алғанын айтты. Оқиға орын алған жерде тергеп-тексеру амалын жүргізу үшін іс құжаттары Орал қалалық полиция бөліміне жіберілген. Орал қалалық полиция бөлімінің өкілі Б.Менешев Казталов аудандық полиция бөлімінен келіп түскен талап қоюшының арызы бойынша түсініктеме алынғанын, жиналған құжаттар бойынша қылмыс құрамы болмауына байланысты номенклатуралық іске тігілгенін және арыз берушіге моральдық зиян келтірілгені үшін азаматтық тәртіппен шағымдану құқығы түсіндіріліп, ресми жауап берілгенін, автокөлік жүргізушісі жауапқа тартылмағанын айтты.

Сот отырысында куәлар М.Сафулина мен Ж.Аметова, Ж.Тұякбаев тараптарды ауылдың адамы ретінде танытынын, мектеп аялдамасынан асқан кезде талапкердің басына жоғарыдан зат түскенін, «Алла, басым, басым» –



деп айғайлап қалғанын және басына түскен затты «мынау кімдікі?» – деп айтып, артқа қарай лақтырғанын жеткізді. Осы кезде қол жүгінің иесі «менікі, неге лақтырасың?» дегенін, талап қоюшы екеуі ұрысқанын, ал талап қоюшының басына түскен заттың ауыр екенін байқағанын, өйткені лақтырған кезде дүңк ете түскенін, ішінде не болғанын білмейтінін жеткізді.

Сондай-ақ, дәрігер хирург З.Шатаева жедел жәрдем көлігімен талап қоюшының жеткізілгенін, жағдайы орташа ауырлық дәрежеде болғанын, «жабық ми жарақаты, бас миы шайқалуы» диагнозы қойылғанын, медициналық көмек көрсетілгенін, сол бойда стационарлық бөлімге жатқызылғанын жеткізді. Сонымен қатар невропатолог-дәрігердің кеңесін алу және басты магниттік резонансты бейнелеуге түсіру үшін жолдағанын да айтты. Тағы бір дәрігер Ж.Әубекерова жәбірленушінің күндізгі стационарда емделгенін, қосымша «артериялық гипертензия» нақтамасы қойылғанын жеткізді. Сот отырысында Казталов аудандық аурухананың

бөлім меңгерушісі Д. Базарғалиева да талап қоюшының аудандық ауруханада емделгенін айтса, «Uniserv» медициналық орталықтың дәрігер-невропатологы Ж.Давлетъяровтың қабылдауында болғаны дәлелденді. «Uniserv» медициналық орталығында жәбірленуші басын магнитті-резонансты томографияға түсірген. Оған «дисциркуляторлы энцефалопатия белгілері, церебральды ангиопатия, оң жақ омыртқа артериясының гипоплазиясы, оң жақ ішкі ұйқы артериясының кинкинг синдромы» деген қорытынды берілген. Осы диагноз бойынша ем-шара тағайындалған.

Азаматтық кодекстің 707-бабына сәйкес, жолаушының өміріне немесе денсаулығына зиян келтірілуі салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша тасымалдаушының жауапкершілігі, егер заң актілерінде немесе шартта тасымалдаушының жоғары жауапкершілігі көзделмесе, осы кодекстің 47-тарауындағы ережелер бойынша белгіленеді. АҚ-нің 917-бабының 1-бөлігіне сәйкес азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік немесе мүліктік емес игіліктері мен құқықтарына заң-

ЖҮГІҢЕ ИЕ БОЛ, ЖОЛАУШЫ!

сыз іс-әрекеттермен (әрекетсіздікпен) келтірілген (мүліктік және (немесе) мүліктік емес) зиянды, оны келтірген тұлға толық көлемінде өтеуге тиіс.

Көлік туралы заңның 23-бабына сай тасымалдаушылар азаматтардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Ал Автомобиль көлігі туралы заңның 22-бабының 1-бөлігінің 3) тармағына сай тасымалдаушы жолаушылардан жүкті автомобиль көлігімен тасымалдау қағидасын сақтауды талап етуге құқылы. Осы баптың 2-тармағында тасымалдаушы жолаушының қауіпсіздігін, оған қажетті қызмет ету жайлылығы және шарттары жасалуын, жолаушылардың қауіпсіз отырғызылуы мен түсірілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Іс құжаттары бойынша талап қоюшы отырған маркасы «GOLDEN DRAGON» мемлекеттік белгісі 262 AZ 07 автобус «Жиенбай» ЖШС-не тіркелген және Орал-Казталов бағытына қызмет көрсету құқығы жүргізушінің атына берілген. Ал автобус жүргізушісі болса автобуста орын алған жағдайды біле тұра жұмыс берушіні одан хабардар етпей бағыт бойынша әрі қарай жүріп кеткен. Сот жоғарыда көрсетілген заң талаптарына сай жолаушының денсаулығына келтірілген зиян үшін жауапкершілікті тікелей тасымалдаушы көтеруі тиіс деп санады, яғни, «Жиенбай» ЖШС. Жауапкер «Жиенбай» ЖШС өкілінің автобус ішінде орын алған факті жөнінде білмегені туралы уәжі оларды жауапкершіліктен босатуға негіз болмайды. Автомобиль көлігі туралы заңның 20-бабының 1-бөлігінің 10) тармағының талабы бойынша жолаушының автомобиль көлігімен жүк тасымалдау ережелерінде белгіленген нормалар шегінде қол жүгін өзімен бірге тегін алып жүруге құқығы бар, ал 2-бөлігінің 2) тармағына сай жолаушы автомобиль көлігімен багаж тасымалдау ереже-

сінде белгіленген талапты сақтауға міндетті.

Ал, Инвестициялар және даму министрінің №349 бұйрығымен бекітілген «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау ережесінің 33-тармағына сәйкес, жолаушыларға багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) және қала маңындағы тұрақты тасымалдау маршруттарында өлшемі 60х40х20 см дейінгі және салмағы 20 кг аспайтын қол жүгін өзімен бірге тегін алып жүруге рұқсат етіледі, бірақта, қол жүгінің орамасы мен тасымалдануы басқа жолаушыларға қандай да болмасын залал келтіру (дастау немесе зақымдау) мүмкіндігін толық болдырмауы тиіс. Іс бойынша қол жүгінің иесі жауапкер А.Бисекенова жоғарыда аталған ережеде белгіленген талапты сақтамаған, яғни, автобуста өзімен бірге алып жүрген қол жүгін дұрыс орналастырмаған, соның салдарынан автобус салонында басқа жолаушының денсаулығына зақым келіп отыр.

Жоғарыда анықталған мән-жайларды ескере отырып, сот талап қоюшының талап-арызын ішінара қанағаттандырды. Талап қоюшының пайдасына моральдық зиян үшін жауапкер қол жүгінің иесінен 50 000 теңге, ал жолаушыларды тасымалдаушы мекеме «Жиенбай» ЖШС-нен 200 000 теңге өндіру туралы шешім шығарды. Шешіммен «Жиенбай» ЖШС-і келісіп, моральдық шығынды талап қоюшының есеп шотына аударды, ал жауапкер А.Бисекеноваға қатысты атқару парағының негізінде сот шешімін мәжбүрлеп орындатуға жолдады. Іс бойынша «Жиенбай» ЖШС-нің және Зашаған полиция бөлмшесі қызметкерлерінің тарапынан жіберілген заң бұзушылық фактілеріне қатысты жеке ұйғарым шығарылып, тиісті тұлғалар тәртіптік жазаға тартылды.

Гүлжиһан САҒИТОВА,
Казталов аудандық сотының судьясы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ПӘРМЕН

«ЕКІ АЯҚТЫ ҚАСҚЫРЛАР» ЕРКІНСІМЕСІН ДЕСЕК

Қазіргі таңда мал ұрлығы қоғамдағы Кең өткір, ең өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Оған қатысты заңды қаншама күшейткенімен, оңай олжа табуға ұмтылған «екі аяқты қасқырлардың» саны азаяр емес.

Төрт түлік мал – қаймана қазақтың азығы, тіршілік табар нәпакасы. Өкінішке қарай, қысы-жазы сол малдың бейнетін баққандар көргенімен, қызығын басқалар пайдалануда. «Малым – жанымның, жаным – арымның садағасы» деп отырған ауылдағы ағайынның қорадағы қойын, өрістегі малына «жиендік» жасайтындар ұят, обал, қиянат дегенді мүлдем ұмытқан сықылды. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев 2019 жылы мал ұрлағандарға берілетін жазаны қатаңдатуды тапсырған болатын. Осыған байланысты Қылмыстық кодекске жеке 188-1-бап енгізіліп, мал ұрлығы бойынша қатаң жаза қарастырылды.

Мал ұрлығының өршуіне жұмыссыздық, ет өніміне деген сұраныстың көбеюі, ет бағасының өсуі де өз әсерін тигізуде. Қазір не көп, ет сағатын базарлар, арнайы дүкендер көп. Әрине, олар малды өздері өсіріп, семіртіп, бордақыламайды. Көп жағдайда ет сырттан келеді. Заң бойынша егер біреу өз малын сататын болса «Форма-1» анықтамасы беріледі.

Анықтамаға малдың сырға нөмірі, мал тиейтін көлік нөмірі барлығы толықтай жазылуы тиіс. Мұны жергілікті жерге қарасты барлық округтен алуға болады. Ал етке тапсыратын малға ветеринариялық зертханадан сараптамалық актісі болуы шарт. Ең басты талап – мал арнайы мал сою цехында сойылуы қажет.

Мал ұрлауды бизнеске, табыс көзіне айналдырып, қылмысты ұйымдасқан топ болып жүзеге асыратындар көбейіп кетті. Өткен жылы бірнеше мәрте мал ұрлап, ұсталған Қ.Б. мен Д.У.-ға қатысты істі қарадым. Процесс барысында сотталушылардың алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы болып бөтеннің малын мал қораның ішіне кіріп бірнеше рет ұрлап, сатқандары қылмыстық іске тіркелген прощестік әрекеттің хатамаларымен және өзге де құжаттармен толықтай дәлелденді.

Сотталушылар барлық эпизод бойынша тағылған айыппен және қойылған азаматтық талаппен толықтай келісіп, жасаған іс-әрекеттеріне шын ниет-

пен өкінетінін, енді қайталап қылмыс жасамауға уәде беретінін, жәбірленушілерден кешірім сұрайтынын, барлық эпизод бойынша жәбірленушілердің кешірім бергенін, оларға келтірілген мүліктік залал толық өтелгенін айтып, жеңіл жаза тағайындап, бас бостандығынан айырмауды сұрады. Сот оларды ҚК-нің 188-1-бабы 3-бөлігінің 1), 2) тармақтарымен кінәлі деп танып, әрқайсысына 5 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады.

Ұрлықтың алдын алудың бірден-бір жолы – малды қараусыз, бағусыз қалдырмау. Сол сияқты, малға таңба салып, белгілеу, сырғалау, құжаттап, жергілікті жерде есепке енгізу секілді сақтық шараларын жасау керек. Жоғалған мал туралы дер кезінде полиция бөліміне хабарлау да маңызды. Мал иесі, бақташы және жергілікті әкімдік өкілі арасында үш жақты келісім-шарт жасалуы керек. Мал сою цехына құжатсыз мал келсе, ондағылар бірден полицияға хабарлауы керек. Осындай сақтық шараларын бұлжытпай орындағанда ғана мал ұрлау арқылы оңай олжа табуға ұмтылғандардың жолын кесеміз.

Эльмира ОЙКУЛОВА,
Атырау қалалық №2 сотының судьясы

БАҒДАР

Мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік жауапкершілігі және қызметтік әдеп жөніндегі заңнаманы жетілдіру мақсатында Президент Жарлығымен Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің жаңа редакциясы бекітілді. Бұл кодекс қызметтік әдеп стандартын белгілеп, мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға негіз болады.

МІНСІЗ ҚЫЗМЕТ – БІЗГЕ МІНДЕТ



Халықтың мемлекеттік қызметшілерге деген сенімін нығайту мақсатында әр мемлекеттік қызметші өзіне жүктелген жауапкершілікті абайроймен жүзеге асыруы керек. Осыған орай кодекстің құрылымы өзгертіліп, «Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары» деп аталатын жаңа тарау енгізілген. Ол мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі таза ниет, адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық және клиентке бағдарланушылық сынды алты қағидатқа негізделген.

Мемлекеттік қызмет істері

агенттігінің төрағасы Д.Жазықбаев: «Әдеп кодексінің жаңа нұсқасында «адамға бағдарланған» мемлекеттік аппарат қалыптастыру, мемлекеттік қызмет көрсетудегі ашықтық қағидаларының сақталуына басымдық беретін талаптар енгізіліп отыр» деп атап өткен. Яғни, алдағы уақытта мемлекеттік қызметшілер халықтың талабына барынша икемді, жұртшылықпен өзгеше істеуге дайын болуы және жұмысының ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс.

Бұрынғы Әдеп кодексінде мем-

лекеттік қызметшілерге қойылатын моральдық-адамгершілік талаптар мен олардың мінез-құлқының негізгі қағидаттары бірге қаралып келген болса, жаңа редакцияда бұл олқылықтар жойылып, мемлекеттік қызметшіге қойылатын әдеп талаптары мемлекеттік қызметшінің қызметтік әдебіне қатысы жоқ ережелерден бөлек, өз алдына жеке қарастырылып отыр. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидалары мен Әдеп жөніндегі кеңестер туралы ережеге өзгерістер енгізілді.

Тәртіптік жаза қолдану қағидаларында қызметтік тергеп-тексеру, тәртіптік комиссия материалдарын қарау тәртібі және тәртіптік комиссияның ұсынымы бойынша уәкілетті адамның шешім қабылдау мерзімі нақтыланды. Сонымен бірге, агенттіктің Әдеп жөніндегі комиссиясына облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдері орынбасарларының, облыстық маңызы бар қалалардың, облыс аудандары мен қала аудандары әкімдерінің, облыстардың әкімшілік орталықтары болып табылатын қала әкімдерінің, комитеттер төрағаларының, сондай-ақ, облыс әкімі аппарат басшыларының қызметтік әдеп нормаларын бұзғаны және мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылықтар жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілігін қарауға өкілеттік берілген.

Кодекс халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Д.ЕРЛИКОВА,
Ақтөбе облысы бойынша Соттар әкімшісі басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкілі

Соңғы кездері адамдар арасында алаяқтық асқынып барады. Халқымыз қашанда «Адалдықтың ала жібін аттама» дегенді жас ұрпақтың құлағына құйып өсірді. Бұл адамгершілік тәрбиенің бір көрінісі ретінде бағаланды.

АЛАЯҚТЫҚ АЛАҢДАТЫП ТҰР

Өкініштісі, қазір сол асыл қасиет жоғалып бара жатқан секілді. Қашанда жалғандық адамды жарға жығып жатады. Бұған байланысты қылмыстар сот органдарында жиі сарапталып, соған орай тиісті шешімдер қабылданып жатады. Бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену арқылы талай адамды осындай қиындыққа душар етті.

Қылмыстық кодекстің 190-бабында алаяқтыққа 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Соған сәйкес мүлікті тәркілеу, өмір бойы құқығынан айыру немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысуына шектеу қою жазасы қарастырылған.

Осыған қатысты қылмыстық істерді саралап көрсек, көп түйткілді мәселеге көз жеткізуге болады. Алдау бөтеннің мүлкін жымқыру немесе бөтен мүлікке құқықты иемдену мақсатында жүзеге асады. Бұл алаяқтық жасау тәсілі деп есептеледі.

Алаяқтық кезінде алдау ауызша, сонымен қатар жазбаша нысанда болуы мүмкін. Жымқыру кезінде жалған құжаттарды пайдалану алдау нысандарының бірі. Басқа адам әзірлеген жалған ресми құжатты пайдалана отырып жасалған жымқыру алаяқтық құрамымен толық қамтылады. Ол Қылмыстық кодекстің 385-бабы бойынша қосымша саралауды талап етпейді.

Егер адам құқық беретін немесе міндеттерден босататын жалған ресми құжатты қолдан жасау жолымен аляқтық жасаса, жасалған әрекетті ҚК-нің 385-бабының бірінші бөлігінде және ҚК-нің 190-бабының тиісті бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша саралаған жөн.

Сондай-ақ, қазіргі технология дамыған кезеңде алаяқтық жағдай күрделене түсті. Интернет пен цифрлы технологияны пайдалана отырып, өзінің жымыскы әрекетін жүзеге асыратын адамдар бар. Бұл оған қатысты қылмыс түрлерін түбегейлі өзгертті.

Рас, интернет пен цифрлы технологиялардың кеңінен таралуы жаһандану құрылымын ғана емес, қылмыс әлемінің сипатын, соның ішінде қылмыс түрін түбегейлі өзгертті. Қазір бәріміздің

өмірімізде цифрлы технологиялар маңызды рөл атқарады. Бүгінде жаһандық желі игілігін пайдалана отырып, виртуалды қызметтер мен өнімдерге қол жеткізуге мүмкіндік алған едік. Нәтижесінде кейбір тауарлар түріне сол арқылы тапсырыс беруге қолайлы жағдай туды. Дегенмен, соңғы 10 жылдың көлемінде интернет көзі арқылы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылық айқын көріне бастады.

Бас прокуратура интернет-алаяқтыққа байланысты ел тұрғындарына үндеу жариялаған болатын. Жат әдеттің көбейіп бара жатқанын айтып, қазақстандықтарға ескерту жасады. Ведомство мәліметінше, статистика бойынша, кейінгі 5 жылда елімізде интернет-алаяқтық дерегі 10 есеге өскен. Ол 2017 жылы 2 мыңды құраса, ал 2021 жылы 21 мыңға дейін жеткен. Азаматтардың әлеуметтік желілердегі онлайн сауда мен танымал сайттар арқылы алаяқтық құрбаны болу көрсеткіші айтарлықтай жоғары.

Сонымен қатар, қылмыскерлер онлайн-қарыз алу жолымен және банк карталарынан ақша жымқырады. Алаяқтар көбіне құрбанына инвестиция салу, бәс тігу, ойын және лотереяны жарнамалайды.

Жалпы, интернет алаяқтық жағдайының жартысы дәл осындай жолмен жасалғанын назарға алуымыз қажет. Сондай-ақ, микрокредиттік ұйымдардың сайттары арқылы онлайн қарыз рәсімдеу жағдайы кездеседі. Ішкі істер министрлігінің мәліметі бойынша, жыл басынан бері осы тәсілді қолдану арқылы алаяқтар 3 мыңға жуық қылмыс жасаған.

Қазіргі таңда қаржы пирамидалары өзін жоғары табысты инвестициялар саласындағы табысты ұйымдар ретінде көрсетеді. Белсенді жұмыс жүргізіп, онлайн-табыс немесе жоғары табысты онлайн жобаны ұсынады, танымал месенджерлерде чаттар құрып, қатысушыларды түрлі ұтыс ойындарымен, сауалнамалармен және басқа да маркетингтік амалдармен тартады.

Нұржан МЕЛДЕБАЕВ,
Алматы ауданы №2
сотының судьясы
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Бүгінгі таңда тұрмыстық зорлық отбасының жағымсыз жағдайы ғана емес, бүкіл қоғамның кеселі.



Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте отбасындағы зорлық-зомбылыққа қатысты әртүрлі жауапкершілік қарастырылған. Аталмыш заңның 73-бабында құқық бұзушы отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық танытса, өзінің айналасындағы, үйіндегі анасына, зайыбына, бауырларына былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту немесе үйдегі тұрмыстық заттарын бүлдіру және сол ортаның тыныштығын бұзу жағдайларын туындатса, одан бөлек, жалпы айтқанда жеке үйде, не болмаса өзге тұрғын-жайда жасалған басқа да әрекеттері үшін бірінші ескерту, не үш тәулік мерзімге әкімшілік қамақ сияқты жазалар беріледі. Егерде бір жыл ішінде әкімшілік құқық бұзушылық қайтадан қайталанса онда заңда көзделгендей он тәулік әкімшілік қамақ жазасы қолданылады. Азаматтардың отбасылық қарым-қатынасының төмендігі сыйластық, жұмыссыздық, жалқаулық, ішімдік салдары немесе өзара қызғаныштан болатын жанжалдан басталады. Бір ауыз сөзден от шығады немесе арты ұрыс керіс, зорлық зомбылыққа ұласады. Бұрын ауданымызда әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды аудандық теледидар каналдарынан көрсетіп отыратын, сол кездерде әр адамның намысы оянатын, әулеттің, өзінің атына кір келтірмеуге тырысатын. Қазір де елде бірқатар шаралар атқарылып жатыр. Жалпы, зорлық-зомбылықты болдырмау мақсатында профилактикалық шаралар өткізіледі, алайда салыстырмалы түрде статистика өткен жылдармен шамалас.

Отбасындағы ерлі-зайыпты ең әуелі балалардың алдындағы жауапкершілікті ойлау керек. Әр отбасының тыныштығы, тәртібі отағасынан басталса, ұйытқысы сол үйдің анасынан басталады.

Зияш ЗАЙНУЛЛИНА,
Бөкей ордасы аудандық сотының кенсе меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ТЕМІРҚАЗЫҚ

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ ҚҰРДЫМҒА БАТЫРАДЫ

Оңай олжаға ие болсам, қиналмай көп табысқа кенелсем деп армандайтындардың аңдитыны – аңқау халық. Халықты алдау үшін алаяқтар қолданын айла-тәсіл де соншалықты күрделі емес. Бірақ соған қарамастан барынан өз еркімен айырылып жатқандар тыйылмай отыр. Тіпті, бұқаралық ақпарат құралдары аз ақша салып көп пайда табудың жолын нұсқаған жарнамаларға сенуге болмайтынын күнделікті жазып, көрсетіп жатыр. Десек те, ескертпені қаперінде ұстап, күмәнді қаржылық операциялардан іргесін аулақ салып жатқандар аз. Әсіресе, соңғы жылдары қаржы пирамидаларына алданушылар қатары көбейіп кеткен. Бірі бар мүлкін беріп үй-күйсіз қалса, енді бірі шарасыздықтан өз-өзіне қол салуға дейін баруда.

Өкінішке қарай, қаржы пирамида-сының жарнамасына сеніп, жиған-тергенінен бір сәтте ажырағандар мұндай жағдайдың орын алуына өзін емес, өзгені кінәлап жатады. «Құзырлы органдар қылмыстың неге алдын алмаған?», «Бізді неге сақтандырмаған?» деп қоғамға сауал тастайтындар баршылық. Шындығында, қаржы пирамидасының шырмауына түскендердің кемдігінен барынан ажырады деп айта алмайсың. Алданғандардың көпшілігі тез, жеңіл жолмен қол жеткізуді көздейді, аз ақша салып, көп қаржы алуды, тапқанын тез арада еселеп көбейтуді мақсат етеді. Ал «тегін ірімшіктің тек қақпанда» болатыны бәрімізге белгілі. Жеңіл ақшадан бойын аулақ ұстайтын, күмәнді дүниеге жоламайтын ешқашан алаяқтың қақпанына түспейді.

Қаржы пирамидасын құрушылардың халыққа құр сөз, жылтыр үзеден басқа берері жоқ. Оны біздің сотта қаралған бірнеше іс материалдарынан білуге болады. Мысалы, «Дам Дан Недвижимость» деп аталатын тұтынушы кооперативін құрған Ғ.М. деген азамат қоғамның сұранысын, халықтың тілегін өз мүддесіне пайдаланған. Жоғары білімді, елмен тез тіл табысатын, сөзімен баурап алатын азаматқа қаржы пирамидасын құру қиындық келтіре қоймаған. Өйткені, қазіргідей нарықтық заманда азаматтардың пайызы төмен несие, қолжетімді бағаға баспана алуды армандайтыны түсінікті.

Бұл нарықты жақсылап зерттеген

азамат алдымен Алматы және Семей қалаларында тұтынушы кооперативін құрып, оны Әділет министрлігінде тіркегіп алады. Аты кооператив болғанымен, бұл кәдімгі қаржы пирамидасы болатын. Өйткені, алаяқтар мөр басылған қағаздың азаматтарға айтарлықтай әсер ететінін біледі. Осылайша «кооперативін заңдастырып», мөріп алып, алдын ала жоспарын пысықтаған Ғ.М. пәтер, тұрғын үйді жылдық үстеме пайызсыз, бөліп төлеу әдісімен беретінін айтып жана бастамасын белсенді жарнамалауға кіріседі. Әрине, тепендеп тапқан табысы баспананы сатып алу түгілі, оның алғашқы жарнасына беруге жетпей жүргендер үшін бұл өте тиімді әрі ыңғайлы ұсыныс еді. «Баспанаға ақша салдық» дегендер пирамиданың басында тұрғандардың қалтасын толтырып жатқандарын түсінбейді. Тек келісімшартта көрсетілген ақшаны аударып, баспананың хабары алыстап кеткеннен кейін ғана көңілдеріне күмән келі бастады. Ал не баспананы беруді, не ақшасын қайтаруды сұраушылар қатары көбейген сайын Ғ.М телефонын өшіріп, көпшіліктен бойын аулақ салады. Өздерінің алданғанын, ақшасының қайтпайтынын білген азаматтар ақыры құзырлы орындардан көмек сұраған болатын.

«Дам Дан Недвижимость» кооперативіне ақша салғандар саны 50-ге жуық. Олар 1,5 млн теңге мен 7 млн теңге аралығында қаржысын берген.



Сот барысында куәлардың көрсетуімен, құжаттармен азамат Ғ.М-нің кінәсі толық дәлелденді. Сот алаяқтық жасап, қаржы пирамидасын құру арқылы заңсыз табыс тапқан азаматты Қылмыстық кодекстің 190-бабы 3-бөлімі 1,4-тармақтарымен, 217-баптың 3 бөлімі 2-тармағымен кінәлі деп танып, 6 жыл 8 айға бас бостандығынан айырды. Ең бастысы, ол өзі алдаған азаматтардың ақшасын қайтарып беруге тиіс.

Бірақ, алаяқтық, қаржы пирамидаларын құру бойынша сотталғандардан материалдық шығынды өндіру өте қиын. Мұндай іске үлкен дайындықпен баратын алаяқтар тапқан табысын өз атына жазбайды, жинаған дүние-мүлкін жакындарының атына ресімдеуді әдетке айналдырған. Сот үкімі орындалып, бостандыққа шыққаннан кейін де олардан бірдеңе өндіру оңай емес. Сондықтан алдағы уақытта қаржы пирамидасын құрып, алаяқтықпен пайда тапқандарды бас бостандығынан айырып қоймай, жәбірленушілердің ақшасын қайтарудың пәрменді тетігін енгізу керектігін ойласа. Өйткені жәбірленушілерге алаяқтың жазасын алғанынан гөрі, өзінің қаржысының қайтқаны маңыздырақ.

Есен ҮСТЕЛБАЕВ,
Алматы аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекс-ке сәйкес, неке – тараптардың ерікті және толық келісімімен жасалған еркек пен әйел арасындағы тең құқықты одақ. Осы одақтың қалыптасуы арқылы туыстық, жекжаттық, балалы болу ыңғайып, дамып, отбасы пайда болады. Осы еркек пен әйелдің арасындағы одақтың шынайы болуы арқылы отбасы сақталады. Алайда, шынайылықтың болмауы салдарынан неке бұзылып, отбасы тарауына әкеп соғатын жағдайлар да аз емес.

ТАРАПТАРДЫ ТАТУЛАСТЫРУ НЕКЕНІ САҚТАЙДЫ

Неке бұзу – сот практикасында ең жиі кездесетін күрделі даулардың бірі. Себебі, сот осы санаттағы істерді қарай отыра, барлық факторларды ескеріп, максималды түрде екі жакқа да тиімді болатын заңнаманы қолдана отырып істі шешуі керек. Осыған байланысты неке және отбасылық қарым-қатынасқа байланысты істер бойынша кейбір процесуалдық ерекшеліктер бар.

Сот талап қоюшының ажырасуға не себеп болғандығына қарамастан, неке бұзу туралы талап қою түскеннен бастап сот отырысына дайындықты мұқият жүргізіп, тараптарды татуластыру үшін барлық шараларды қабылдайды. Отбасылық қарым-қатынасты жаксарту үшін психологқа не медиаторға тараптарды татуласу үшін жібереді.

Неке бұзу туралы даулар талаптық іс жүргізу болғандықтан, қазіргі таңда бұл санаттағы істер татуластырушы судьяның өндірісіне түседі. Татуластырушы судья тараптарды келісімге келтіру

үшін 10 жұмыс күні беріледі. Алайда бұл мерзім тараптардың татуласуы үшін қысқа болуына байланысты, кей жағдайларда тараптар келісімге келу үшін бір не екі ай мерзім берілгеннен кейін де татуласып жатады.

Судья неке бұзу туралы талап коюды қабылдап, тараптарды шақырып, ерлі-зайыптыларда неке бұзумен қатар басқа даулардың бар-жоқтығын анықтап, олардың қайсысы неке бұзумен бірге қаралуға жататындықтарын түсіндіреді.

Ерлі-зайыптылардың бірінің некеге адалдық танытпауы, ішімдікке салынуы, мінездерінің жараспауы сот практикасында ең жиі кездесетін себептер. Кей жағдайларда ұсақ кикілжіндерге бола ерлі-зайыптылардың бірі неке бұзу үшін сотқа жүгінеді. Қандай жағдай болса да, сот тараптардың өтініші не өз бастамасымен тараптарға татуласу үшін алты ай шегінде мерзім белгілей алады. Егер сотпен белгіленген уақыт



Гүлім ДЖАНҒҰЛЫШБАЕВА,
Ақтөбе қаласының
№3 сотының судьясы

ішінде татуласпаса, бір тарап некені бұзуды сұраса, сот тараптардың татуласуына және ерлі-зайыптылардың бірге тұруына мүмкіндік жоқ екендігіне көз жеткізіп, олардың біреуі талабынан бас тартпауына байланысты сот некені бұзады.

Неке ерлі-зайыптылардың табанды түрде некені бұзуды сұрауы, барлық татуластыру шараларының нәтижесіз болуынан кейін бұзылады. Ал отбасын сақтау не тоқтату туралы шешімді ерлі-зайыптылардың әрбірінің жеке, ішкі сезімі. Осыған байланысты тараптар отбасын сақтауды және бірге өмір сүру мүмкіндігінің бар-жоқтығын анықтап, түсінулері қажет.

МІНДЕТ

Еліміз Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап адам құқығының жеткілікті деңгейде қорғалуына мән беруде. Осы бағытта заңдарды жетілдіріп, сот жүйесіне түрлі реформаларды енгізді. Құқық үстемдігін күшейтуге, сот төрелігінің сапасын арттыруға және сотқа деген сенімді арттыруға бағытталған өзгерістердің барлығының артында адам құқығын қорғау жатыр.

Соңғы 4 жыл ішінде елімізде адам құқығын қорғауды күшейтуге бағытталған 37 заң әзірленіпті. Оның 30-ы бүгінгі күні қолданыста. Яғни, халқымыз игілігін көруде.Осы заңдардың арқасында көптеген оң өзгерістер орын алды. Атап айтқанда, тараптардың татуласуы көбейді, судьялар шеберліктерін шыңдай түсті, соттар келушілер үшін ашық бола бастады, салада ашықтық пен жариялылық күшейе түсті. Соттардың тәуелсіздігі артып, оларды қаржыландырудың жаңа қағидаты енгізілді, сот төрағаларының билік ету өкілеттіктері азайды. Санамалап айта берсек салаға серпін берген, қоғамдағы адам құқығының қорғалу деңгейін арттыра түскен өзгерістер жетерлік. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да күшейтіле бермек. Жоғарғы Сот азаматтардың құқықтары мен бостандығын, заңды мүддесін күшейту мақса-

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ДЕҢГЕЙІ АРТТЫ

тында 30-дан астам заң жобасының қабылдануына мұрындық болды. Алдағы уақытта осы мақсаттарды көздеген тағы бірнеше заң жобасы қаралу үстінде.

Халықтың құқығын қорғау мәселесі сөз болғанда олардың құқықтық сауатын арттыру мәселесін де ұмытпауымыз керек. Әсіресе, азаматтық істер, мұрагерлік мәселесі, отбасылық даулар, алиментті өндіріп алу мәселесі, еңбек даулары, әкімшілік істер бойынша халық заң кеңесіне мұқтаж екенін көп аңғарамыз. Сондықтан осы бағытта көбірек ақпараттандыру қажеттілігі сезіледі. Кейде халықтың заң бұзып тұрып өзінің ісінің құқықтық салмағын сезіне алмауы соның айғағы. Мектепте «Құқық негіздері» сабағы жүргізіледі. Осы пәнді тереңірек оқытатын әдіс-тәсілдерді қолға алса, жастар құқық тұрғысында сауатты болар еді. Сонымен қоса, құқықтық сауаттылықты арттыратын қосымша курстарды мектеп бағдарламасына енгізген дұрыс. Халықтың құқықтық сұрақта-

рына оңай жауап алатын жедел желілер іске қосылуы керек. Қайткен күнде халықты қоғамдағы заңбұзушылықтарға көз жұмып қарамай, өзінің де, өзгенің құқығын да қорғай алатын деңгейге жеткізуіміз қажет. Сонда ғана құқықтық мемлекетке айнала аламыз. Өйткені, халықтың құқықтық сауатын арттыру қажеттілігі уақыт өткен сайық айқын сезілуде.

Құқықтық сана әрбір азаматты құқықты құрметтеуге, заң талаптарын мүлтіксіз орындауға, қылмыс зардабын түсініп, оны жасамауға және екінші тұлғаның қылмыстық әрекетке бармауына ықпал етуге көмектеседі. Халқы заңын құрметтеп, бір бірінің құқығын сыйлаған елде қылмыс көлемі азайып, түрмедегілердің де қатары кеми бермек.

Н.МУХАМЕДЖАН,
Алматы қаласы әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі ауданаралық
сотының судьясы

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

ЖАҢА БАСТАМАЛАР – ӨЗГЕРІС БАСТАУЫ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа жолдауында Жаңа Қазақстанды құру жолындағы жоспарларымен бөлісті. Сондай-ақ, Жаңа Қазақстан құру жолында нақты 10 бастамасын ұсынды.

Онда Президенттің өкілеттігі туралы, қазір бізде барлығы Президентке келіп тіреледі. Бұның дұрыс еместігін, бұдан біртіндеп бас тартуымыз керектігін айтты. Өкілді билік тармағын қайта құру, сайлау жүйесін жетілдіруге де тоқталды. Ашығын айтқанда, халық депутаттарды аса тани бермейді. Осындай жағымсыз жайттарды ескере отырып, Президент аралас сайлау жүйесіне көшуді, және Партиялық жүйені дамыту мүмкіндіктерін кеңейтуді ұсынды.

Құқық қорғау институттарын күшейту, бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және азаматтық қоғам институттарының ролін нығайту, еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру де айтылған. Жалпы, жаңа облыстардың құрылуы – көпшіліктің көкейінде жүрген мәселе. Сонымен қатар, Жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандырды, дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін кешенді шаралар топтамасын тез арада жүзеге асыруды міндеттеді.

Жолдауда айтылғандарды жүзеге асыру үшін әрқайсысымыз отан алдындағы жауапкершілікті сезініп, елге жанашырлық танытуымыз қажет.

Г. КУШЕКБАЕВА,
Ақтөбе қаласы №2 сотының кеңсе бас маманы-сот
отырысының хатшысы

ЭКОЛОГИЯ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ТАЗА ҰСТАУ – МІНДЕТ

Қоршаған ортаның тазалығы – деннің саулығының кепілі. Осындай ұстаныммен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Түркістан облысы бойынша филиалының қызметкерлері айналаны қоқыстан тазарту, көгалдандыру жұмыстарын өткізуді әдетке айналдырған. Жалпы, өтіп жатқан шара қоршаған ортаны қоқыстан тазартып, еліміздің экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған.

Түркістан облысы бойынша филиал директоры Ержан Жеңісбековтың айтуынша, маңызды экологиялық шараны мемлекеттік корпорацияның барлық аймақтағы филиал қызметкерлері қолдаған. «Өріптестерімізбен бірге қала, аудан аумақтарын тазартып жатырмыз. Қызметкерлеріміз туған жерді көркейтуге өзіндік үлес қосуда. Ғасырлар бойы ыдырамайтын пластик қоқыстарды жинау – өте маңызды. Өңір тұрғындарын осындай тазалық шараларын қолдауға ғана емес, айналаны таза ұстап, қалдықтарды тастамауға шақырамын», – деді директор.

Айта кетейік, Түркістан облысы аумағын жинауға 400 қызметкер жұмылдырылды. Олар бірлесіп, 28000 м2 жерді тазартып, 5 тонна қоқыс шығарды.

Амантай ЕГЕМБЕРДИЕВ,
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ
Түркістан облысы бойынша филиалының ресми өкілі



ШАРА

Жіті ішек инфекциясының алдын алу

Жіті ішек инфекциясы – асқазан-ішек жолының зақымдануымен сипатталатын, патогенді және шартты патогенді бактериялар, вирустар тудыратын жұқпалы аурулардың тұтас бір тобы. Инфекция көзі – науқас адам немесе жіті ішек инфекциясын қоздырғыштарының тасымалдаушысы. Айналадағы адамдар үшін, әсіресе, аурудың жеңіл, анық байқалмайтын және симптомсыз түрлеріне шалдыққандар өте қауіпті. Тамақ, су, тұрмыстық заттар, ойыншықтар аурудың берілу факторлары болып табылады, кейбір инфекцияларды жәндіктер (шыбындар, тарақандар) таратады. Сондай-ақ, антисанитарлық жағдайлар, жеке гигиена ережелерін сақтамай дайындалған тамақ өнімдерінен жіті ішек инфекцияларын жұқтыру мүмкін. Клиникалық белгілері жүректің айнуы, құсу, кекіру, асқазанның қыжылдауы, іштің кебуі, іштің шырыш пен қан аралас болып өтуі. Жіті ішек инфекциясын болдырмау үшін жеке гигиена ережелерін сақтау, су ішу үшін тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдалану, жеміс пен көкөністі жақсылап жуып, қайнаған сумен шаю, тез бұзылатын тамақ өнімдерін тек салқын жерде сақтау, жарамдылық мерзімі өткен азық-түлікті пайдаланбау және арнайы белгіленген орындарда ғана шомылу қажет.

Жіті ішек инфекциясының алдын алу мақсатында Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 27 наурыздағы № 126 «Инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, мектеп-интернаттарда, сәбилер үйлерінде, медициналық-әлеуметтік мекемелерде жіті ішек инфекцияларымен сырқаттану тіркелген кезде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік «Ұлттық сараптама орталығы» филиалдары қорытынды дезинфекция жұмыстарын жүргізеді. Ауру ошағында сапалы залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуі, науқаспен байланыста болған заттарды (ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жеке бас гигиена заттары т.б.) дезинфекциялау аурудың таралуының алдын алады.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеңіз»!

Г.БАЙМЕДЕТОВА
ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК
«Түркістан облысы бойынша
дезинфекция орталығы» филиалының
Төле би ауданындағы дезинфекциялық
секторының нұсқаушы-дезинфекторы

ӨРТУРА

2. Алматы қаласы МАЭС-ның 01.04.2022 жылғы ұйғарымымен «Дәулет-Дорстрой» ЖШС-не (БСН 050140005375) қатысты оналту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Мекенжайы: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, «Құлагер» шағынауданы, 59/1 үй. Тел.: +77015550459.

13. «ФАРМ-ТРЕЙД-НТ» ЖШС Серіктестіктің жалғыз қатысушысының жарғылық капиталды 422 000 000 (төрт жүз жиырма екі миллион) теңгеге дейін азайту жөнінде шешім қабылдағаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, «Самал» ықшамауданы, 12 ғимарат, пошта индексі 010000.

ТАРАТУ

3. «Папирус плюс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 180140041828, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Боралдай көшесі, 91 ғимарат.

4. «Ташкенсаз су» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 220440021755, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай

ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Баяндай ауылы, Жетісу көшесі, 61 үй, пошта индексі: 040457.

5.«Адал» АӨК» өндірістік кооперативі, БСН 160840018805, өзінің ерікті түрде таратылатындығын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Мәдениет ауылы, Зарқұм көшесі №32 үй.Тел.87051518976.

6. «Мадениет и К» ЖШС, БСН 050340024026, өзінің ерікті түрде таратылатындығын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Мәдениет ауылы, Абай көшесі №2 үй.Тел.87051518976.

7. «Спорт объектілерінің құрылысын салу жөніндегі дирекция» ЖШС, БСН 040540000609, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Көбелеков көшесі, 12 үй.

10.«Оңтүстік жарық» ЖШС (БСН 030640003148) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қ., Абай ауд., 4 шағын ауданы, 759 үй.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғысұңлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-an@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

12. «Көкшетау коллекционерлер клубы» қоғамдық бірлестігі (БСН 200640017394) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, А.Баймұқанов көшесі, 103А үй, 7 пәтер.

МҰРАГЕРЛІК

8. 22.04.2022 ж. қайтыс болған Үсенов Кадир Сапаровичтің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Т.Ө.Тілеповке келу керек. Мекенжайы: Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 301. Тел.: 87016565788.

9. 13.11.2021 ж. қайтыс болған Жузеева Саратайдың мүлкіне мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерге Түркістан қаласының нотариусы Б.Д.Дахановаға хабарласуды сұраймын. Түркістан қаласы,Тәуке хан даңғылы, 278Б. Тел. 87014653617.

Ақмола облыстық сотының басшылығы мен Ақмола облысының судьялар қауымдастығы Ақмола облыстық сотының судьясы Нұржамал Әуесханқызы Жұмағұловаға әкесі
Әуесхан Қабдоллаұлы Жүсіпбековтың
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-көңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі,61,кеңсе 23.

«АДАМДЫҚТЫҢ ЕГІНІН ШАШТЫМ»

Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы, Торғай облысында туған. Ахметтің әкесі Байтұрсын Шошақұлы, арғын ішінде беделді, елдің бас адамы болған. Байтұрсынның Ақтас деген інісі болған.



Байтұрсын мен Ақтас атағын шығаруға зор себеп болған нәрсенің біреуі мынау: 1885 жылдың 12 желтоқсанында, Байтұрсын ауылы Жыңғылды деген өзенде күзектеп отырғанда, сол ауылға Торғайдың ояздық нәшөлнігі Яковлев келеді. Яковлевтің келетін себебі Байтұрсынды ұстау болса керек.

Байтұрсын мен Ақтас Яковлевке көнбей, араларында жанжал шығып, төбелес болған. Байтұрсын Яковлевтің басын жарған. Бұл жолы Яковлев өз қаласына қайтып, артынан әскер жіберіп, Байтұрсын мен Ақтасты ұстатқан. Артынан бір жылдан соң Қазанның округтық соты тергеп, екеуін де 15 жылға Сібірге жер аударуға, мал-мүлкін кәмпескелеуге қаулы қылған. Ахмет бұл кезде 13 жаста. «Маса» дейтін өлең жинағындағы «Анама хат» деген өлеңінде: «Он үште қо қадалды жүрегіме», – дейтін себебі осы.

Байтұрсынның елде Ерғазы дейтін немере інісі қалады. Басты адамдары жер аударылып, мал-мүліктен айырылып, «дос-жарандар» бытырап,

Байтұрсын тұқымына жүдеушілік кіргенсін Ерғазы Байтұрсын мен Ақтастың балаларын оқытуды ойлайды. Оқытқанда орысшаға береді. Үйетегін себебі, сот болғанда орыстың тілін білмегендіктен Ақтас пен Байтұрсын көп кемшілік көреді. Ерғазы көп кідірмей-ақ, Байтұрсын, Ақтас айдалған жылдың күзінде Ақтас баласы Аспандиярды, Байтұрсын баласы Ахметті Торғайдағы казак балаларына арналып орыс тілінде ашылған екі кластық мектепке береді.

1891 жылы Ахмет ол мектепті бітіреді де, сол жылы Орынборға барып Орынбордағы казак балаларына арналған ұстаздық курсқа кіреді. Бұл курсты ол 1895 жылы бітіреді. 1895 жылдан 1909 жылға шейін Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ұстаз болады. 1909 жылы Ахметті Шыңғысұлы Тәттімбет дейтін жандармада кызмет қылатын адам «Патшаға қарсы» деп көрсетіп, Ахметті ішіденің бірі күні абақтыға жауып, содан 8 айға абақтыда отырып, 1910 жылдың 21 ақпанында босайды да, Орынборға кетеді. 1910 жылдан 1913 жылға шейін Ахмет көбінесе казак тілінің құралын, жаңа казакша мектеп ашудың жолын жоспарлайды. Ара-тұра өлең жазады.

1913 жылы ақпаннан бастап, Орынборда «Қазақ» атты газет шығып Ахмет соған редактор болып сайланады. «Қазақ» газетінде редактор болып тұрған кезде Ахмет патша үкіметіне қарсы жазған мақалалары үшін әлденеше рет айыппұлға тартылады. 1914 жылы «Қазақ» газетінің 80-санында жазылған бас мақала үшін салынған 1500 сомды төлемей Ахмет абақтыға түседі де, артынан оқырмандары жинап, әлгі ақшаны төлегесін, аз күн отырып шығады. Ақпаннан кейін Ахмет «Алашорданы» ұйымдастырушы адамның біреуі болады. «Алашорданың» Орынборда бірінші съезін

басқарады. Сол съезде құрылтайшылар жиынына (Құрылтайға) мүше боп сайланады.

Кенес үкіметімен сөйлесіп Ахмет Алашорда мүшелеріне, көсемдеріне кешірім жариялатқан. Содан кейін Қазақ автономиясын ашу мәселесін сөйлесіп, автономия берілетін болғаннан кейін Орынборға келіп, партияға кірген. 1920 жылы бірінші Кеңестер съезінде Ахмет Қазақ үкіметінің оқу комиссары болды. 1921 жылы комиссарлықтан түсіп, Қазақстан білім комиссиясына бастық болды. 1922 жылы Ахмет коммунистік партиядан шықты. Бірақ білім комиссиясынан түскен жоқ, бұл кезде Ахмет казак институтында оқытушы да боп тұрды. 1928 жылы Ахмет білім комиссиясынан босатылды да, Алматы қаласында ашылған бірінші казак университетіне казак тілінен оқытушы есебінде келеді. 1929 жылдың басында, Кеңес үкіметіне қарсы жасырын ұйым құрды деп айыпталып, абақтыға алынды. Қысқаша айтқанда, Ахметтің өмірі осы.

Ахмет Байтұрсынұлы – казак тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы.

Оның өмірі мен қызметінің тағы бір салмақты саласы – ақындық еңбегі. Халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын ұлы Абай тапқан соқпақ орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсұнады.

Өткен ғасырдың басында казак даласында мемлекетшілдік ұраны оянды. Сан ғасырға жалғасқан отаршылдық бұғаудан босанудың қам-қарекеттері басталды. Осы баянды істің басында казак оқығандары тұрды. Солардың бірі Ахмет Байтұрсынов еді. «Жақсының хаты өлмейді» дегендей Алаш мұралары біздің ұлттық қазынамызға айналды. Ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың артында аса мол әдеби, ғылыми еңбектер қалды. Ол өз заманында әрі ақын, әрі аудармашы, әрі ғалым ретінде танылды. Ахмет Байтұрсынов – казак ғалымдарының ішінен шыққан тұңғыш әдебиет теоретигі. Оның жазған кітаптары, ол туралы жазған кітаптар қазірде қолданыста жүр.

Т.БЕКТҰРСЫНОВ,
Ақмола облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

ҚАЗАҚҚА ТАҢСЫҚ ЕМЕС ТАҚЫРЫП

Гендерлік теңдік – қоғамдағы ер мен әйелдің ролін теңестіру, әйелдердің кез келген салада қызмет етуін қамтамасыз ету. Оның арғы жағында тұрмыстық зорлық-зомбылықты тыно үшін қажетті саясат деп ұғынатын болсақ, оның да өз қажеттілігі бар. Бірақ, гендерлік саясаттың казак қоғамында бұрыннан болғанын, оның казак мәдениетімен, салт-дәстүрімен ерекшеленетінін тарих дәлелдеп береді.

Ержүрек түркілік, нәзік шығыстық, тұнық исламдық мәдениет ұштасқан тұран даласында казак әйелдері өздерін отбасылық қана емес, қоғам мүшесі ретінде көрсете білді.

Тарихта ат үстінен түспеген Тұмар ханшайым мен қызы Заринаның ел билегені, орта ғасырда Шыңғыс ханның немересі, халықты басқарған Болған ана, елдің жүгін көтерген Домалак ана, Дарабоз ана, әулие атанған Қарқабат ана, Қызай ана, Найман ана, Ұлпан аналар дүйім жұрттың піріне айналғаны айтылып та, жазылып та жүр.

Соңғы жиырма жылдықта көп баланы өмірге әкелген батыр аналарымызға алтыннан да күмістен де төсбелгі тағылды. Кеңестік кезеңде де казак арулары депутат та, төрайым да, түрлі деңгейдегі басқарушы да болды. Сот саласында мамандар, судьялар, төрағалар да болған, қазіргі таңда да елге даудың төрелігін айтып, қазылық етіп жүр. Демек, казак қоғамына гендерлік саясаттың кеше ғана келмегенін, бұрыннан бар екендігін аңғаруға болады.

Азат ӘБДІРАЗАҚОВ,
Қызылорда облыстық сотының ақпараттық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы

СЕРВИС СЕНІМДІ АҚТАДЫ

Жоғарғы Соттың интернет-ресурсының «Сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисі электрондық құжаттарды сотқа беру тәртібін, сондай-ақ, ҚР сот органдарының ақпараттық жүйесінде оларды қабылдау, тіркеу және өңдеу тәртібін реттейді.



Электрондық құжаттарды беру сервисін пайдаланушы «Сот кабинетіне» авторизациялау рәсімінен өткеннен кейін талап арызбен, сот отырысының хаттамасын ұсыну туралы арызбен, сот отырысының хаттамасына ескертумен, өтінішпен сотқа жүгіне алады.

Берілетін талап арыздардың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар Азаматтық іс жүргізу кодексімен белгіленеді. Пайдаланушы «Талап арыз беру» сервисін таңдауды жүзеге асырады, төмендегі деректер көрсетілетін электрондық талап арыз нысанын толтырады, облыс, талап арыз берілетін сот, соттарда мемлекеттік баж төлеуден босатылған жағдайда, «төлемей» деген жолға белгі қойылады.

Мемлекеттік баж екінші деңгейдегі банктер арқылы, электрондық терминалдар, банкоматтар және өзге де электрондық құрылғылар арқылы төленген жағдайда пайдаланушы құжаттарды беру жүйесіне мемлекеттік баждың төленгені туралы төлем құжатының

(төлем тапсырмаларының, түбіртектердің, чектердің және басқаларының) көшірмесін жүктейді.

Сот отырысының хаттамасын ұсыну туралы арызды беру үшін пайдаланушы «Сот отырысының хаттамасын ұсыну туралы арыз беру» сервисін таңдайды, төмендегі деректер көрсетілетін электрондық арыз нысанын толтырады. Пайдаланушы сот отырысының хаттамасын ұсыну туралы арыз бен оған қоса берілетін құжаттарды қамтитын файлдарды құжаттарды беру жүйесіне жүктейді. Файлдарды жүктеу аяқталған соң пайдаланушы оларды түзету мүмкіндігін пайдаланып, енгізілген деректердің дұрыстығын тексереді.

Сот отырысының хаттамасына ескерту пайдаланушының электрондық цифрлық қолтанбасымен қузаландырылғаннан кейін ҚР сот органдарының ақпараттық жүйесіне беріледі.

Жанат СЫЗДЫКОВ,
Көкшетау қалалық сотының сот отырысы хатшысы

ЖАМАН ӘДЕТ ЖАНҒА ДЕРТ

Қазіргі таңда кісі өлтіру қылмысының белең алып тұрғаны бәрінен бұрын қоғамды қынжылтады. Оның салдарынан бірнеше адам өмірімен қоштасып, бақилық болды, олардың бірінің артында еңкейген қарт ата-анасы, еңбектеген ұл-қызы, сүйікті жары қалса, енді бірінің артында аңыраған анасы қалды.

Қылмыстардың көпшілігі мас күйінде жасалатыны анық. Бүгін арақ ішіп, болмашы нәрсені сылтау етіп, кісі өлтірген адам ертесіне үстінен қылмыстық іс қозғалып, өкініштен бармағын тістеп отырады. Одан бөлек, есірткі деген дерт те елді адастыруда. Есірткімен байланысты қылмыстардың үлес салмағы кісі өлтіру қылмыстарынан кейінгі орынды иеленіп тұр. Осындай қылмыс жасағандардың ішінде жаңа ғана өмірдің адшысы мен тұщысын сезініп келе жатқан жастардан бастап бір жаңұяның отағасы, тепсе темір үзетін азаматтары да бар. Осы азаматтарымыз неге өздерінің болашағын ойламайтыны қынжылтады.

«Ел боламын десең бесігіңді түзе» деген нақыл сөз бар қазақта. Ұл-қыздарымызды бесіктен бастап дұрыс тәрбиеге үйретсек, нұр үстіне нұр болар еді. «Сактансаң, сактармын» деген нақыл сөзді басты қағидаға айналдырсақ.

А.АХИБАЕВ,

Маңғыстау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

ЗЕЙНЕТКЕР ТАЛАБЫ ОРЫНДАЛДЫ

Қазақстанда халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдай қарастырылған. Әсіресе, заңда көрсетілген санаттағы мұқтаж азаматтарға тұрғын үй белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорынан олардың шама-шарқы жететін ақыға беріледі. Конституцияның 25-бабының 2-тармағында осы туралы нақты айтылған. Алайда кейбір жергілікті атқару органдарының жұмысқа салғырт қарауының салдарынан зардап шегетіндер бар. Соның бірі Өзбекстаннан біржола қоныс аударып келген қандасымыз. Ол жергілікті атқару органдарына, қоғамдық бірлестіктерге, БАҚ-қа бірнеше рет өтініш айтқан. Себебі, мемлекеттік тұрғын үй қорына, атап айтқанда тарихи отанына оралған қандастарға арналған «Нұрлы көш» мемлекеттік бағдарламасы бойынша үй алу үшін 2015 жылдан бастап бірнеше рет кезекке тұрмақ болады. Алайда, белгісіз себептермен тек 2019 жылы кезекке тұрған. Жергілікті атқарушы органның шешімімен келіспеген ол өз шындығын дәлелдей алмай дал болады. Сөйтіп, ол 2015 жылдан бастап үйге мұқтаждарға арналған тұрғын үй мемлекеттік қорына есепке қою және әуре-сарсаңға салған жергілікті атқару органының әрекетсіздігін заңсыз деп тану жөнінде сотқа жүгінген.

Сотта жауапкердің өкілі өзі жұмыс істейтін мемлекеттік мекемеде 2015–2016 жылдары құжат айналымы қағаз түрінде болғанын айтып, қандасты сол уақыттан бастап үй кезегіне тіркеу үшін берген құжаттарын растайтын дәлелдің болмауына байланысты есепке 2019 жылдың сәуір айынан бастап қойылғанын айтты.

Істі әділ әрі жан-жақты қараудағы судьяның белсенділі-

гінің рөлі зор. Айта кетерлік жайт, жаңа кодекстің ерекшелігі әкімшілік сот ісін жүргізудегі соттың рөлі белсенді. Төрағалық етуші сот бұзылған құқықты қалпына келтіру үшін өз бастамасымен дәйектер мен дәлелдер жинау үшін өзге мемлекеттік органдарға сұраныстар жолдаған. Нәтижесінде 2015 жылы прокуратура органы арызданушының арызы қаралу барысында тұрғын үй алуға қатысты құқықтарының бұзылғанын анықтаған. Тексеру қорытындысы бойынша прокурор мен аудан әкімінің атына заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс енгізілген.

Әкімдік прокурордың ұсынысына арызданушы «Жасы бойынша зейнеткерлер» санатымен мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу кезегіне 2016 жылғы 28 қаңтарда қойылды, ал заң бұзушылыққа жол берген мекеме маманы тәртіптік жауапкершілікке тартылған деп жауап берген. Шын мәнінде сол уақытта белгісіз себептермен есепке алынбай, үй алу кезегіне 2019 жылы қойылған.

Істің мән-жайын толық зерделеген судья талап қоюшының әкімшілік талабы орынды деген тұжырымға келген. Соттың шешімімен арызданушы қандасымыздың кезегі «Халықтың әлеуметтік осал топтары: жасы бойынша зейнеткер» санаты бойынша есепке алу мерзімі 2016 жылғы 28 қаңтардан бастап қалпына келтірілді. Адамды осыныша әбігерге салған мемлекеттік мекемеге жеке ұйғарым шығарылды.

Ш.МЫРЗАЛЫ,
Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының кенсе меңгерушісі

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.
------------	--

Батыс Қазақстан облысы	
------------------------	--

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №65 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.
Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31